

# АҚМЭШТ жастары

Жаннан қымбат оларға әр,  
Мен жастарға сенемін.

Мақжан

6+



Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 21 (454)  
26 мамыр, 2022 жыл

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп атайтындығына да түп-төркіні осында. Жастарды қолдауға айрықша көңіл бөлінетін Барыс жылының маңызды шарасы – жазғы тынығу лагерлері. Маусым айынан шымылдығы ашылатын

Балалар әлемінің өзіндік мекені бар. Быыл озық елдер секілді балалардың құқығын қорғауды, әл-ауқатын жақсартуды біздің ел қолға алмақ ниетте. Иә, балалар мемлекет идеологиясының маңызды бір саласы іспеттес.



лагерлердің «балалар жылына» дайындығы қандай?

Президент Үкіметке жылды ұрандатып, думаданатып өткізудің қажеті жоғын ескерте келе оны балалардың денсаулығын сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру салаларында нақты шаралармен толықтыруды тапсырды. Бұл тапсырмаларға біздің тынығу мекендері қаншалықты дайын? Біз аймақтағы маңдайдай лагерлерді шолып шықтық.

Статистикалық мәліметтерге жүгінісек, биыл сауықтыру лагерлері мен алаңдардың саны айтарлықтай артқан. Жаппы республика бойынша 11 мыңнан аса (2021 жылы – 9507) мектеп жанындағы, қала маңындағы, шатырлы, спорттық және киіз үй лагерьі жұмыс істегуе дайын. Сондай-ақ балалар үшін көп жеңілдік қарастырылған. Мұны ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Есенғазы Иманғалиев растап отыр.

«Бірінші кезекте жазғы сауықтыру демалысымен әлеуметтік осал санаттағы балалар қамтылады. Бұл жетім балалар, аз қамтылған, көпбалалы отбасы және толық емес отбасылардан шыққан балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар және тағы да басқа балалар сауықтыру лагерлерінің желісі – санаторийлер, туристік базалар, ұлттық парктар, жоғары оқу орындары жанынан лагерлер ашу және жұмыс істемейтін лагерлерді қалпына келтіру есебінен кеңейтілді. Қазақ лагерлер желісін дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Быыл облыста 3 лагерь пайдалануға берілді. Балалардың жазғы демалысы үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету маңызды. Қазір ашылуға дайындалып жатқан лагерлерде конкурстық ресімдер жүргізіліп, олардың санитарлық нормаларға сәйкестігі тексеріліп жатыр», – деді Есенғазы Иманғалиев.

Хош, аймақтағы 9 тынығу лагерьі кейбірі балалар жылында қызметін тоқтатуына тура келген. Қала іргесінде орналасқан

«Сырдария» тынығу лагерьі быылдан бастап балаларға қызмет көрсетпейді. Себебі біреу – сапаға сай емес. Бір кездері Гоголь атындағы педагогикалық институттың зертхана полигоны болып ашылған мекеме 20 ғасырдың соңында лагерьге айналып, бүгінге дейін қызмет көрсетіп келген. Мекеменің жауапты мамандары өткен жылы экспертиза жүргізіп, жарамсыз деген анықтама алыпты.

Шыны керек, қазір балалардың жанашырлықпен баурап алмаса, ескі ғимаратпен қызықтыру мүмкін емес. «Сырдарияның» орналасу жағы жақсы болғанмен ғимарат көне. Лагерь болатындай талапқа сай келмейді. Әжетхана мен жуыну бөлмесі аулада орналасқан. Құрылыс мамандарының айтуынша, іргетасы ыдырап, ғимарат жарамсыз деп танылды. Сондықтан балалардың қауіпсіздігіне байланысты жұмысты тоқтатуға тура келді, – дейді Меруерт Наушақызы.

Балалардың қызығушылығын оятатын «Талдысуды» лагерьі «Балалар жылына» қызу дайындықта. 1 маусымнан бастап 300 баланы қабылдайтын «Талдысудың» жаңалығы көп.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, көктем мезгілі түсе салысымен дайындыққа кірісіп кеттік. Быыл 7 ауысым жұмыс істеуге бекініп отырмыз. Жоспар бойынша 3000-ға жуық бала жаз мезгілін біздің лагерьде сәтті өткізеді деген сенім бар. Мысалы, быыл балаларды Сауран, Сығанақ сәуілі тарихи мекендермен таныстырып, рухани азат сыйлағымыз келеді. Одан бөлек көленер және сурет орталығы іске қосылды. Балаларды спортқа қызықтырып, футбол, волейбол, жүзу секілді спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырып, ширатып аламыз. Тұжым табиғатқа саяхат жасап, Қаратаудың құт қонған қойнауында шеберлік сабақтарын ұйымдастырамыз. Жылды даралатып бастамамыз бірі кітапханада өтпек. «Талдысуды» лагерьінің кітапханасында 4 мыңнан аса кітап қоры бар. Ашық аспан астында кітап оқу шаралары ұйымдастырылып, өскелең ұрпақтың зейінін ашу үшін барлық жағдай жасалады, – деді лагерь директоры Елдос Жаңабәев.

Биылғы жылдың басты жаңалығы – балалар мен ата-аналарды барынша ақпараттандыру үшін бала-demalys.kz балалар сауықтыру лагерлерінің интерактивті қартасы, сайт пен мобильді қосымша (Android және iOS платформаларында) іске қосылды. Электрондық қарның көмегімен кез келген адам нақты уақыт режимінде қандай да бір лагерь туралы (бағдарламасын, бағасын, орналасқан жерін) ақпарат ала алады.

Балалардың саны жыл сайын өсіп келеді. Бұл – аймақтағы 9 тынығу лагерьі алдағы уақытта жетікпірмейді деген сөз. Қала орталығында істен шыққан балалар мекенін лезде жаңартпасақ жазғы демалыс ауладан әрі аспайтын сайыпты...

Ерасыл ШІРБЕК



Мектеп бітірер тұстағы қимастық сезім мен алдағы кезеңге деген үміт аралыққан сәт. Ұстаздың аяулы үнін, білімге шақырған қоңырау дауысын соңғы мәрте еститін мезет. Осындай ғажап сезімдерге толы 25-мамыр түлектер үшін ғана емес, шәкірт атанған барлық адам үшін бағалы кезең екені рас.

СЫҢҒЫРЛА,  
СОҢҒЫ  
ҚОҢЫРАУ!



Баян САРЫБАЕВА, Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы, жас түлек:

– NIS маран сапалы білім беріп, достықты бағалай білуге үйретті. Алғаш мектеп табалдырығын аттағалы бергі жылдар көзді ашып-жұмғанша өтіп кетті. Мектептегі өмір әртүрлі мәдениетті қабылдауға, елжандылық және толеранттылық қасиеттерді дамытуға жол ашты. Сабақ барысында топта жұмыс істеп, қиындықтарды қасиеттеріміз шыңдауға, жеке тұлға ретінде қалыптасуыма, үш тілде еркін тілдесуіме және шынайы достар табуыма мүмкіндік берді.

Бақытты балалық шағым өткен білім ордасының әрбір бұрышы мен үшін ыстық болып қалады. Әрбір баланың арманы болған халықаралық стандарттарға сай білім ошағында оқығанымна қуаныштымын. Қиналған кездерде қолдау көрсетіп, қол ұшын созуға дайын тұратын мұғалімдерге, мектеп ұжымына, достарыма алғысым шексіз. Бітіруші түлектерге жаңа өмірге қадам басуда сәттілік тілеймін және мектептегі ұмытылмас сәттер үшін алғыс айтамын!

Аружан ӨБДІРАХМАН, И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің оқушысы, «Алтын белгі» үміткері:

11 жыл уақыт тез өтіп кеткеніне сенсе алмай жүрмін. Бала күнімдеміз бірге жүрген достарымызға, анамыздай болған ұстаздарымызға бауыр басып қалдым. Шынымын айтсам, сыныбым отбасымдай болып кетті. Ал жаңадан қалай бас тартуға, алыс кетуге болады? Содан болар қимастық сезім басым.

Алдағы ҰБТ-ға дайындығым өте жақсы деп айта аламын, тек іштей қобалжу бар. Біздің мектептегі әр сәтміз қызықты өтті. Параласыңмен бір

кітапты бөлісіп оқыған кездер, бірге асханға барып үлкен кезекті күткеніміз, тіпті қоңырауды аралық та қызық. Қазір біз – бітіруші түлектер планеттен күн батқанға дейін дайындық жүргендіктен күн сайын бір-бірімізге бауыр басып, жақын болып бара жатырмыз.

Ләззат ЖЕҢІСҚЫЗЫ, «Мұрагер» мектебінің 11-сынып жетекшісі:

«Соңғы қоңырау» сынып жетекшісі үшін де, ұрасын ұшығып тұрған түлек үшін де ерекше күн екені анық. Жүректегі толқу, қуаныш, қимастық сезімдері талапқа түседі. Мамыр айында балалардың күн санап: «Ұстазым, біздің мектептің партасында отыруымызға сәл ғана уақыт қалды. Сізді, мектепті қимаймыз, қайтадан текенің сыныпқа орласақ қой, шіркін...» деген сөздерін естігенде, көз алдында кішкентай ғана бүлдіршіннен үлкен азаматқа айналған балаға деген сезімдіңді айтып жеткізу қиын. Шәкірттерімізді үлкен өмірге шығарып салар уақытта қимастық болғанымнан, бұл – заңдылық.

Биыл сыныбымнан 31 оқушы мектеп бітіреді. Сыныбымыз мақтан өтеміз, себебі оқушыларымы республикалық олимпиада, ғылыми жоба, «Елбасы медалы», қалалық, облыстық сайыс жеңімпаздары. Білімді, тәрбиелі, ашық, көңілді балалар әрдайым ұстаздар паралынан оң баға алып жүреді. «Алтын белгі» үміткері – 4 оқушы, «Үздік аттестат» үміткері – 7 оқушы.

Баламен өткізген сәттің бір қызықты. Біз, ұстаздар қауымы, оқушының құрдасы да, сырласы да болуға тырысамыз. Шәкірттеріме айтар тілгеімді ақыл, қайрат жүректі бірідей ұстап, «Толық адам» ретінде дүниенің бір кірпіші болып қаланғанын қалаймын. Мемлекетімізді әрқандайда өз үлесімен қосып, әлемдік сахадан орын алған тұлға болуын тілеймін.

Г.ЖҰМАДИН

Жаз мезгілі басталар тұста салқын балмұздақтың сатылымда болғаны балалар үшін ғана емес, үлкендерге де қуаныш сыйлайды. Ал ол өнім өз аймағымызда өндірілсе тіпті ғажап?! Себебі сапасы жоғары, таза өнімге сұраныс толастамайтын анық. Осы аптада «Танкаман» серіктестігінің бастамасымен шыққан «Ауыл» балмұздағын шығару технологиясымен танысып қайтық.

Серіктестік ет өңдеумен, консервілеумен және сүт өнімдерін сатумен айналысады. Мекеме басшысы Бердібек Сартайұлы 2011 жылдан бастап мал шаруашылығына бет бұрған. 2013 жылы ет өнімдері мен шұжық өнімдерін қайта өңдеу цехын іске қосты. Ал бытыр

кәсіпкер балмұздақ өндіретін тағы бір цех ашуға шешім қабылдаған. Жоба «Даму» Қоры арқылы «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қолдау тауып, цех жұмысы сәтті жүргізілуде. Бердібек Сартайұлының айтуынша, отандық нарықта сүт өнімдеріне деген қажеттілік

әрдайым жоғары деңгейде. Себебі сүт, сүзбе, қаймақ, май, ірімшік ұлттық дастархандағы негізгі тағамдар. Қазір цех италияндық технология бойынша сүт өңдеу жабдығында «Ауыл» маркасымен 100 процент табиғи өнімнен балмұздақ өндірілуде. Содан бопар тұтынушылар балмұздақ дәмін ерекше бағалауда.

– Өткен жылдың күз айларында балмұздақ шығару бастамасы қолға алынды. Негізгі шикізаттың барлығы, яғни балмұздақ құрамына қажетті қоспапар Ресей мен Италиядан жеткізілді. Тәтті дәмді толық жасап шығуға 1-1,5 сағат уақыт жеткілікті және алты ай мен бір жыл аралығында сақтауға болады. Цехтың аумағы шағын болған соң, мұнда әзірге үш адам жұмыспен қамтылған, – дейді

технолог Ләззат Ақылбекова. Бұл жерде күніне бес жүз кепі балмұздақ дайындалады. Қазіргі кезде кәсіпорында пшеница, қуыш, манго, ананас, киви, оreo, кофе, пісте, құлпынай дәмді бар балмұздақтың 14 түрі бар. Айта кетейік, өндіріс үшін ең қажетті шикізат – сүтті қоспалары өзінің өндірістік мал шаруашылығын кешеннен алуда.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

«АУҮЛҮМ» - ДӘМДІ ДЕСЕРТ, ТАЗА ӨНІМ



## ЖЕМ-ШӨП ПЕН АСТЫҚ ЖЕТЕ МЕ?

Өткен жылғы Қызылорда мен Маңғыстау облысында орын алған қуаңшылық ел есінен кетпесі анық. Шаруалар қыруар шығынға ұшырап, мал басы кеміді. Сырдариядағы су деңгейінің аздығы, жауын-шашын мөлшерінің азаюы талай шаруашылықты әуреге салды. Келтің бірқалып ел ынтимыағының арқасында тосылған шаруаға көмек қолын созу үшін қоғамдық қор мен белсенді азаматтар, қарапайым халық пен билік өкілдері бірлесе әрекет етті. Жер-жерден ауылдағы ағайында жем-шөп әзірлеп, қуаңшылықтан қысылмай шығуын тіледі.

Содан болар, биыл да көктемнен өтіп, жаз шығуға жақиңдағалы көптің күдігі арта бастады. Көмеріне бір толтып, бір көмеген дәрісінң күйі мен малдың қонына қараған жұрт «Қуаңшылық қайталанса, қайтпек керек?» деп аландаулы. Аузы күйген үрлеп ішедінің кері, бұрнағыдай емес, биыл шаруа біткен жем-шөбін ерте қамдап, қатардан қалмауға тырысып жатыр.

Мемлекет те жәрдем беруге тырысуда. Мәселен, өткен жылы мал азығы базасы мәселесін шешу мақсатында Жем-шөп өндірісі саласын дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған жол картасы әзірленді. Онда мақсат – қуаңшылық қайталанған жағдайда ауыл шаруашылығының дайын болуы. Алайда, мұндай бастаманы қуана қабылдаған жұрт жобаның атқарылу барысына базынасын айтып келеді. Себебі жергілікті жерлерде жобадан көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру бойынша жүйелі жұмыс жоқ. Мал шаруашылығындағы жем-шөп базасын есепке алу ісі кенжелеуде.

Жалпы елдегі жем-шөп тапшылығы мал шаруашылығының дамуына кедергі келтіріп тұр. Оған субсидия саласындағы олқылық, импорт көлемі мен ветеринар маманының тапшылығы себеп болуда. Үкімет аталған мәселені шешу мақсатында инвестициялық жобаларды жүзеге асырып келеді. Өрине, ілгерілеу бар, бірақ мәселе толық шешім тапты деп айта алмаймыз.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТЕДІ?



Бүгінде ауыл шаруашылығының әлеуетін көтеру кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Себебі әлем жұртшылығы саяси шөпеністер салдарынан азық-түлік тапшылығы туындауы мүмкін деп дабыл қағуда. БҰҰ мен халықаралық қауымдастықтар аштыққа ұшыраған елдерге жөнелтетін көмекті азайтса, дамыған елдерде азық-түлік бағасы шарықтаған. Тіпті АҚШ президенті Джо Байден Украинадағы қоймада қалған астықты Беларусь елі арқылы шығару әрекетіне көшті. Оның үстіне астық экспортының үштен бір бөлігі Ресей мен Украинаға тиесілі екенін ескерсек, мәселе жақын арада шешім таппасын бағамдау қиын емес. Сондықтан елдегі ауыл шаруашылығының жай-күйі селсөк қарауды көтермейді.

министр бүгінде Қазақстанда 6,4 млн тонна бидай барын айтып, аталған көлем халықты қамтамасыз етуге жеткілікті екенін жеткізді. Астықтың бір бөлігін экспортқа шығаруға да мүмкіндік барын қоса кетті.

Расында, ресми дереккөздің нақты ахуалға жақын екені анық. Қазақстан жыл сайын 3 млн тонна үн өндіреді. Яғни, тапшылық болмасы белгілі. Керісінше, вице-министр мәселенің басқа қырына аландаулы. Ол – бидай бағасы. Себебі бұған дейін үн тартағын кәсіпорындар бидайды арзан бағаға Ресейден импорттап келген. Өсіресе, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында мұндай жағдай көп кездеседі. Алайда Ресей деңді дақылдарды сыртқа шығаруға тыйым салғаннан кейін бұл баланс бұзылды. Көрсі елдің мұндай шешімі дйрменшілерді астықты тез арада ішкі нарықтан сатып алуға итермелеп отыр. Ал ішкі нарықта тиісінше бидай бағасы өскен.

## СУ ДЕНГЕЙІ – ӨРТАРАПТАНДЫРУ БАСТАУЫ

Аймақтағы ауыл шаруашылығының құрамыры – Сырдария өзені. Соңғы жылдары Сырдария өзенінде судың тапшылығы көлдердің құрғауына, ауыл шаруашылығы дақылдарының азаюына

жағар материалы және кредит беру секідрі тиісті мемлекеттік қолдау шараларын алуда. 1 млн 122 мың гектар аумақ жер бетімен суарылады. 87,6 мың гектар – негізінен жаппай су алдыру өдісімен суарылатын күрші алқаптары, ал егіс алаңының 277,6 мың гектарына заманауи тамшылатып немесе жаңбырлатып суару өдістері пайдаланылады», – дейді Е. Қарашев.

Қуаңшылықтан құтылудың бір жолы дақылдарды өртаптапандыру екені анық. Биыл да бұл өдіс назардан тыс қалмайды. Тіпті, шаруалар мақта, картоптың егіс көлемін кеңейтуді бастап кетті. Бұл шешім су мөлшерін сақтауға ғана емес, экономикалық пайда әкелуге де көмегі оң. Алдың ала жоспарлау және дақылдардың алқабын ұлғайту жұмысы нәтижесін беріп келеді. Мысалы, 2020 жылы құрақшылық алқабы 50 мың гектарға ұлғайтылып, нәтижесінде нарықта жарма тапшылығы байқалмаған еді. Ал Өзбекстан сатып алуға кықлас танытып отырған картоп алқабының биылғы үлесі шамамен 5 мың гектарды құрайды.

өңдеу зауыттарының уақытша жұмыс тоқтатуы, алыпсатарлық салдарынан олқылық орын алған еді. Кейін Үкімет туындаған келеңсіздік түбегейлі шешілді деген болатын. Тіпті биыл шаруалардың сауалына жауап беру үшін Энергетика вице-министрі Өсет Мағауов тақырыпқа қатысты дерек келтірді:


«Өткен жылы көктемде бензин де, дизель де тауар биржасы арқылы жақсы сатылды. Бірақ биржаға кіру үшін тиісті шектеулер қойылған-ды. Мәселен, биржаға қатысушы компанияның мұнай өнімдерінің бір жылдық айналымы 20 мың тоннадан кем болмау керек деген шектеу болды. Жылдың ортасында оны 5 мың тоннаға дейін азайттық. Бір ай бұрын Биржалық комитеттің шешімімен аталған шектеу алынып тасталды. Бұл шағын жанар-жағармай құю стансаларының биржаға кіруіне, өнімді деңделіс-ақ тікелей сатып алуына мүмкіндік берді. Дизельді биржада сату жақын күндері қайта жанданады, – дейді вице-министр.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді дизельмен қамту ерекше

субсидиялаудың жаңа тетігін енгізу мәселесін келесі жылға қалдырып, биыл мемлекеттік қолдауды қолданыстағы қағидалар бойынша жүзеге асыру туралы шешім қабылданды», – деді Әліхан Смайылов.

## МӘСЕЛЕНІ БІР ҰШЫ – ҚАЖЕТТІ МАМАНДА

Тағы бір мәселе – маман тапшылығы. Бүгінде жергілікті жерлерде ветеринар маманнан басқа, зоотехник-технолог пен зоотехник-технологер жетіспеушілігі байқалады. Өндірістік құс шаруашылығын кадрлық қамтамасыз ету ісі де ақсап тұр. Сонымен қатар жас мамандарды жергілікті жерлерде қалға ынталандыру, мал шаруашылығын кадрлық қамтамасыз ету, баспанамен қамту бастамасы да қолға алуды қажет етуде. Ол үшін «Дипломмен ауылға», «Ауыл – ел бесісі» бағдарламасы арқылы ауылдық жерлерге кадрларды бекіту ісінің көмегі тиері анық.



Мысалы, асыл тұқымды мал саны көбейгеннен, жыл сайын жем-шөп қажетті зоотехникалық нормадан екі есе аз дайындалады. Мал азығы аз болған соң баға да қымбаттай түсері белгілі. Құрақшылық пен жауын-шашынның тозуы да мал басын көбейтуде кедергі. Сондықтан төрт түліктің жайына өлі де ерекше назар қажет екені сөзсіз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, әлемдегі азық-түлікке байланысты байбаламның төркіні – астық тапшылығы. Ішө астық мол қорын үйге жинамайтын батыс қазір өдетінен айныған. Азықты артығымен алып, қос-қостан жинауда. Сарапшылар да халықтың көңіліндегі аланды басудың орнына, жағдайдың бұдан да ұшыға түсетінін ашық жеткізуге көшті. Астық қоры мол Қазақстан үшін мәселе айтарлықтай қиындай қоймас. Аш та қалмаспыз. Алайда, әлемдік ахуалдың салқыны елдегі азық-түлік бағасына әсер ететіні жасырын емес.

БАҚ өкілдеріне берген мәлімдемесінде Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Айдарбек Сапаров та осы байланысты қайталаған еді. «Ешқандай астық тапшылығы жоқ, республикада бидай жеткілікті», – деген А.Сапаров халықты дүрлікпеуге шақырған. Вице-

әкелуде. Осыған сәйкес биыл су тапшылығына байланысты 20 жоба іске асырылмақ.

Оның ішінде жалпы ұзындығы 1 034 шақырымды құрайтын 162 каналды тазалау жұмысын жүргізу, Жаңақорған ауданында Сырдария өзеніндегі үрімелі су тоспасының істен шығуына байланысты Келінтөбе магистралды каналына су әкелу бастамалары кіреді. Сондай-ақ, Келінтөбе магистралды каналы арқылы секундына 14-15 текше метр су беру жоспарланған.

Міне, осы қиындықты өскере, биылғы егіс көлеміне өзгеріс енгізу жұмысы жүйелі жүзеге асуда. Күрші алқабы қысқарып, өзге дақылдарды егу ісі қарқын алды. Бастаманың жемісі жоқ емес. Мысалы, биыл суармалы жердегі жоспарланған егіс алаңы 1,5 млн гектарды құрайды. Бұл өткен жылғы деңгейден 39 мың гектарға төмен.

Оңтүстік облыстардағы егіс туралы мәліметте Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашевке мәселенің мән-жайын былайша жеткізді:

«Қазіргі кезде оңтүстік облыстардың суармалы жерлердегі жұмыстар аяқталуда – Жамбыл облысында толық аяқталды, ал басқа өңірлерде елі жалғасып жатыр. Суармалы егішлікпен айналысатын фермерлер көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге, тұқымға, минералды тыңайтқыштарға, гербицидтерге берілетін субсидиялар, жеңілдікті жанар-

Аймақтағы өзгерісті де баса айтқан жөн. Бүгінде су деңгейінің азаюына байланысты облыста 5 мың гектар күрші алқабы қысқарды. Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешетің сөзінше, мұндай қадам су ресурстарының тапшылығын азайту мақсатында жүзеге асқан. Аталған өзгеріс өзге де облыстарда қолға алынған. Биыл Түркістан облысының өзіде күрші алқабы 600 гектарға дейін қысқартылты. «Қызылорда облысында күрші алқабы 78,3 мың гектарға дейін төмендеді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 5 мың гектарға аз. Сондай-ақ, Үкімет резервінен ағымаларды жөндеу мен бұрғылауға, сорғы қондырғыларын сатып алуға 3,6 млрд теңге сомасында қаражат бөлінді», – деген С.Брекешев.

## ДИЗЕЛЬДІ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Егіс көлемі артып, қысқарғанымен негізгі шаруа райы өзгеріссіз қалғаны сөзсіз. Егін еуге кіріскен шаруалар егіс көлемін емес, жанар-жағармайдың жайында ойлап өлек. Көбінің көңілінде: «Өткен жылы туындаған дизель тапшылығы биыл да кедергі келтіре ме?» деген алаң пайда болған еді. Өрине, ол кезде мұнай

назарда. Өйткені көктемгі егіс жұмыстарын уақыттылы әрі қалыпты жүргізу қажет. Ол үшін шаруаларға биыл 400 мың тонна дизель бөлінген болса, ақпан-сәуір айында жанар-жағармайдың 92 проценті жеткізілген.

## СУБСИДИЯ САНЫ ҚЫСҚАРДЫ

Ауыл шаруашылығымен айналысатын халыққа субсидияның көмегі көп тигені шындық. Алайда жыл сайын көмектің көлемі қысқарып, талап қандай түскенін аңғаруға болады. Мысалы, жақында ауыл шаруашылығындағы субсидия саны 51-ден 7-ге дейін қысқартатыны хабарланды. Ондағы себеп – мемлекет ауыл шаруашылығын субсидиялауда техникалық және технологиялық жаңаруға бағытталған инвестициялық субсидияларға басымдық бермек. Оның үстіне субсидиялаудың жаңа жүйесі саладағы реформаларға жол ашады деп жоспарлануда.

Мәжіліс депутаттарына берген жауабында ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайылов аталған өзгерісті былайша жеткізді: «Ахуалды және оның даму үрдісін көшенді талдауды, геосаяси дағдарыстың ел экономикасына теріс әсерін азайту бойынша онтайлы шаралар қабылдау қажеттілігін негізге ала отырып,

Саладағы олқылықты Үкімет те аңғарып, түрлі ұсыныс айтылып келеді. Мысалы, Мәжілісте:

«Салада агроном, зоотехник, ветеринар дәрігер және тағы басқалар сенілді сұранысқа ие мамандар тапшы. Жануарлар шаруашылығы саласында кадрлар тапшылығы мен ғылыми қамтамасыз етудің аздығына бірнеше себеп бар. Бірінші кезекте, бүгінде ауыл шаруашылығы еңбек ақысы аз төленетін мамандықтардың бірі болып отыр. Екіншіден, ауылдық жерлерде әлеуметтік инженерлік инфрақұрылым жеткілікті деңгейде қаладан артта қалып отыр. Үшінші, ауыл жұмысшыларының еңбек жағдайлары қаладағыдан анағұрлым ауыр.

Ғылымның рөлі астып келеді. Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда жетістікке жеткен барлық елдің тәжірибесіне қарама, ғылымды өндірістен біріктірмей бұл саланың тиімділігін арттыру мүмкін емес. Сол себепті отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер аграрлық университеттермен, ғылыми орталықтармен белсенді ынтымақтастық орнатуы керек», – деген ой айтылды.

Өрине, ауыл шаруашылығын дамыту жүйелі реформаны қажет етеді. Өсіресе, кәсіпкерлер мен шаруалардың өзара байланысын арттыру, жаңа технологияны өндірісте қолдану ел дамының төте жолына айналар анық. Мысалы, биыл 62 жоба арқылы 3 мыңға жуық жұмыс орын құру бастамасы да халықтың әлеуетін көтеруге жол ашатынын хабар берсе керек.

Берген ШАҒЫРОВ

ПІКІР-ПАЙЫМ

# АТА ЗАҢҒА ӨЗГЕРІС ЕНБЕК



Жақында Президент Халыққа Жолдауында саяси жүйеде түбегейлі өзгерістер орын алатынын атап өткен болатын. Бұл бастама Жаңа Қазақстанды құру, мемлекеттік жүйенің өзгеріске бет алуына септесетінін жеткізіп, қолдауға шақырды.

Осыған орай кең көлемді саяси науқан жүргізіліп, Жолдауда көтерілген мәселелер республикалық референдумда жалғасуда. Нәтижесінде 5 маусым күні бүкілхалықтық референдум өткізіледі. Негізгі мақсаты – ашықтық және халықпен кері байланыс орнату. Ата Заңға да өзгеріс енбек.

Референдум аясында қол жететін конституциялық өзгерістер халықтың өмір сапасы мен сан саладағы ілгерілеуіне бастайтынына сенемін. Жаңа Қазақстанның жарқын болашағы үшін жасалған қадам әр азаматтың құқық еркіндігін кеңейтіп, келешекке деген үмітін жандандырары сөзсіз.

Ұлықбек БЕКҰЗАҚҰЛЫ,  
«Қалалық мәдениет үйлері,  
клубтар және халықтық ұжымдар» мекемесінің  
көркемдік жетекшісі

## ЖАҢА ҚОҒАМҒА АПАРАР ЖОЛ

Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 5 мамырдағы үндеуінде Конституцияға өзгерістер енгізу жөнінде референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойғанын жария етті.

Үлкен жетістіктер кішкентай, тұрақты қадамдардан басталады. Бұл қадам жаңа Қазақстанды құру жолында жасалған соны бастама деп есептеймін.

«Тәртіпке бағынған құл болмас» дейді Бауыржан Момышұлы. Жаңа қоғам құрар алдында заңды түзмей, қоғамды түзеу қателік болар еді. Жаңа Қазақстанды жаңғыртуды Президенттің конституциядан бастауы әділет пен теңдіктің нышаны деп қабылдадым. Қасіретті жайттар қайталанбауы үшін Президент тоңның ішік бауындай селбесуге шақырды. Бірнеше ұлт қоныстанған еңірі болғандықтан бұл көзқарас ерекше маңызға ие. Жаңа қоғам құру жолында өзге ұлт өкілдерінің де, әр қазақтың да қадамы құнды болмақ.

Жұлдызай МУЗАРАПИШИНА,  
Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

## ӨЗГЕРІС ӨЗІМІЗГЕ КЕРЕК



Конституциялық референдумды өткізуге санаулы уақыт қалды. Ел тарихындағы елеулі оқиғаға бей-жай қарамай, белсенді қатысу – әрбір азаматтың басты борышы. Референдум тек бір қала немесе облыс тағдырына байланысты емес, ол тұтас мемлекеттің болашағына әсер ететін, бұдан да жарқын келешектің іргетасын қалайтын аса маңызды күн деп ойлаймын. Өйткені қоғам арасындағы күрмеуі шешілмей келе жатқан күрделі мәселелер көбейіп кетті. Сол себепті Мемлекет басшысы сөзден гөрі іске баса назар аударып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға қойып, осындай маңызды шешімдер қабылдап отырғаны анық. Бүгінгі таңда еліміз үлкен өзгерістер алдында тұр. Өрне одан оң нәтиже болу үшін халықтың пікірі маңызды.

Міне, ең бастысы бұл референдумда халықтың пікірі ескеріледі. Олай болса, Жаңа Қазақстанды құру сіз бен біздің қолымызда. Сондықтан ел тарихындағы елеулі оқиғаға өз үлесімізді қосуға шақырамын!

Диана ҚАНАТБЕК,  
Көркем гимнастикадан ҚР спорт шебері

Осы орайда соңғы жылдары ҰҚК мұрағатынан табылған Мұхтар Әуезовтің 1921 жылы қазақтың тұңғыш құрылтайында сөйлеген сөзі ойға оралады. Дереккөзде қабырғалы қаламгер қасіретті оқиғаның салдарын суреттеп, ашықтан қаза тапқандардың жарымына жуығы балалар екенін жеткізген. М.Әуезов: «Соңғы жылдары ашаршылықтың салдарынан 1 миллион 700 мың қазақ қырылды, оның 700 мыңы – балалар» деген мәлімет айтады.

Расында, ашаршылық жылдарындағы балалар тағдыры терең зерттелмей келеді. Оның ішінде тірі қалудың қамын жасаған кей отбасының перзентін амалсыз балалар үйіне өткізуі, алмағайып кезеңде ұрланған балалар тарихы тақырыбына түрлен салынбады. Мағлұматтар да енді-енді ел назарын ілінуде. Мысалы, 1921 жылғы желтоқсандағы деректер бойынша Қазақ АКСР-індегі қарусыз қалған аш-жалаңаш балалар саны 128 000 болса, осы жылдың соңында бұл көрсеткіш

## ЗҰЛМАТ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛА ТАҒДЫРЫ



Ұлт тарихындағы ақтаңдақ – ашаршылық азабы. Зұлмат жылдар ішкерге ас та аламай, шекара асқан халықтың көбеюі, барын талғамау өткен қазақтың қатары сиреуі осы ашықтың әсерінен туындады. «Қызыл қырғын» немесе «голощекіндік геноцид» деген атауға ие болған оқиға халық санының өсіміне едәуір әсер етіп ғана қоймай, мыңдаған баланың да өмірін жалмады.

158 000-ға, ал 1923 жылғы наурызға қарай 408 022-ге жеткен.

Мұның өзі тақырыпты тыңғылықты зерттеуге итермелейтін сөзсіз. Себебі қазақтың бүгінгі табиғи өсімі, ұлттық болымысын

тарихтағы айтулы оқиғалар айындайтын ұмытпаған жөн. Мысалы, өткен ғасырдағы қаралы оқиғалар болмағанда қазақтың саны 50 млн адамға жетуі мүмкін деген дерек кездеседі. Өйткені, XX ғасырдағы қазақ отбасындағы бала саны өзге елдерге қарағанда көш ілгері еді.

Өрне, өткенге – салауат, келешекке – аманат. Ашаршылық тақырыбын зерттеу ісі де тарих қатпарындағы арылмаған естелікті өске түсіру арқылы болашақты айқындау, бүгінгі қадірлеуге септесе екені анық.

Берен ШАҒЫРОВ

## ЖӘРМӨНКЕ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ



Соңғы жылдары қала экономикасында орасан зор өзгерістер орын алуда. Атап айтқанда, еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейі қала бойынша төмендеп келеді. Өңірдегі жұмыссыздардың санын азайтудың бірден-бір тәсілі және азаматтарды еңбекке тартудың тиімді әдісі – бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастыру.

Жақында А.Тоқағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда қаласындағы жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында жасалған Солтүстік өңірлерге қоныс аудару және «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өтті. Алдымен облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Жаңабай Жұмабекұлы жұмыспен қамтудан бөлек тұрғын

үйге кезекке тұру, сұранысқа ие мамандықтар бойынша қайта даярлау курстарынан өту, оңтүстіктен солтүстікке, жұмыс күшіне тапшы аймақтарға халқы тығыз орналасқан өңірлерден еңбекке қабілетті отбасыларды көшіруді мақсат ететін «Теріскейге көш» бағдарламасы жайлы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілетінін атап өтті. «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту орталығы» ұйымдастырған жәрмеңкенің басты мақсаты – жұмыссыз азаматтарға жұмыс беруші мекеме өкілдерімен сұбаттасуға мүмкіндік беру, бос жұмыс орындарын таңдауға жағдай жасау, жариялылықты қамтамасыз ету.

Шара барысында Солтүстік өңірлерге қоныс аудару бойынша кеңес жүргізіліп, одан бөлек қызылордалықтарға өңірдегі 24 мекемеден 160 бос жұмыс орнына сұбаттасуға мүмкіндік берілді.

Осы мекемелердің персоналды басқару қызметінің өңірдегі қатысып, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында ұйымдастырылатын шаралар жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жәрмеңке – ең тарапқа да пайдалы, жұмыс беруші мен іздеушіге

де ортақ мүмкіндік. «Datalex» тігін фабрикасының ауқымы кеңейіп, қала бойынша екінші шектеу ашылуына байланысты 20 шақты тігінші керек. Одан бөлек конструктор, технолог, киім үлгітеушілерді де жұмысқа қабылдап жатырмыз. Біз ұсынатын вакансиялар тек әйел адамдарға ғана арналмаған, тігінші ретінде ер адамдарды да қабылдаймыз. Шара жаңа мамандарды жұмысқа аламыз деген ойдамын – дейді жәрмеңке аясында «Datalex» ЖШС маманы Нұрғұл Сәтжанқызы.

Жәрмеңкеге келушілердің басты бөлігі – жұмыссыздар, аз қамтылғандар, өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандар. Айта кету керек, оңтүстіктен солтүстікке көшуге қатысты кеңес алғандар қатары аз болды.


– Көп жағдайда жастар жұмыспен қамту орталықтарына келмейді, оқыту бойынша сұрақтармен қызмет алуға жүгінбейді. Сондықтан біз әлеуметтік портрет бойынша көмекке мұқтаж, бірақ жұмысқа орналаспаған, оқымайтын, орталықтарға келмейтін адамдарды анықтауға мүмкіндік берсе, «ерте анықтау жүйесі» ақпараттық жүйесін енгіземіз. Бұл тұлғаларға проактивті форматты қолданатын боламыз», – деген болатын ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ержан Біржанов.

Бұған деңгей вице-министр жас қызметкерлердің үш айлық сынақ мерзімін алып тастауды ұсынған еді. Жастар мен жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз етуде мемлекеттік деңгейдегі шаралар көлемі ұлғаяды. Бір адам жұмыс тапса, бір отбасының жағдайы жақсара түсетінін ескерсек, оған маңызды мәселе ретінде қарау заңдылық.

Дина БӨКЕБАЙ

«Қызылорда облыстық мүгедектер» қоғамдық бірлестігі мен аймақтағы БАҚ өкілдері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» облыс бойынша филиалының мамандандырылған бөлім жұмысымен танысты.

Мақсат – мүгедектігі бар азаматтардың жасақталған көлікті айдауына ықпал ету, жүргізуші куәлігін алу үшін тапсырылатын практикалық емтихан жайлы толық мәлімет беру.



## «ЫНТАСЫ БАР АДАМ ҚОРҚЫНЫШЫН ЖЕНЕДІ»

«Zaz Chance» маркалы механикалық қоратты автокөлігі жүру қабілетінен айырылған азаматтар үшін қолпан басқарылатындай етіп жасақталған. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар теориялық сынақтан сәтті өтсе, практикалық емтиханды осы арнайы көлікпен тапсырады.

– Қалада тұрақты түрде рейд жүргізіледі. Рейдтің бірінде халыққа қызмет көрсету орталығына келгенбіз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсету сапасы, ғимаратқа кіру жайы қалай соның барлығы бақылауды. Сол сәтте мүмкіндігі шектеулі жандарға жүргізуші куәлігін алатын кезде қандай жеңілдіктер қарастырылған, артықшылығы неде, арнайы жарақатандырылған көлік бар ма деген сынды сұрақтар қойылды. Осы автодромда көлік жүргізіп көрдім. Механикалық қоратты

болғанмен мүгедектігі бар адамдар үшін көлік өте ыңғайлы. Теориялық сынақтан сәтті өткен жандар дайындалса, бұл сынақтан «сүрінбей» өтеді деп ойлаймын. Ынтасы бар адам қорқынышты жеңеді, – дейді «Қызылорда облыстық мүгедектер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сағатбек Сииов.

Айта кетейік, соңғы 5 айда аталған бөлім жеке және заңды тұлғалардан түскен 17 904 өтінішті рәсімдеген. Оның ішінде «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу» қызметі бойынша 13 792, «Жүргізуші куәлігін беру» қызметі бойынша 4 112 көлік көрсетілген.

– Жыл басынан бері мамандандырылған бөлімге 5 мың 852 адам жүргізуші

куәлігін алу мақсатында жүгінген. Оның ішінде куәлікті алғаш алуға 1 мың 509 азамат өтініш білдірді. 336-сы сынақтан сәтті өтіп, жүргізуші куәлігін алған. Осы аралықта жол ережесін бұзып, жүргізуші куәлігінен айрылған 759 адам қайта куәлік алу мақсатында жүгінген. Олардың 80-і теориялық емтиханды сәтті тапсырып, куәлігін қайта алуға деген деректер бар. Бұл санаттағылар плазмалық емтихан тапсырмайды. Сондай-ақ, 5 ай ішінде қосымша категория алу үшін 85 қызмет алушыдан өтініш келіп тұр. Олардың 12-сі сынақтардан өтіп, қалаған қызметтеріне қол жеткізді, – деді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бойынша филиалының директоры АИҚ Тобаева.

М.САБЫРЖАН

Әділбек САПАРОВ, фильм авторы:

— Әділбек, қалың көрерменге жол тартқан «Джохан» киноиндустриядағы алғашқы үлкен жобаныз деп естідік...  
— Киноиндустриядағы алғашқы жобам деуге келіңіздерме. Өйткені мұның алдында бірнеше кинолардың басы-қасынан табылды. Мысалы, карантин уақытында Salem Social Media компаниясының бастамасымен YouTube және АITube-тан «Piznesmen Қанат»



Мамыр айынан бастап кинотеатрлардан «Джохан» фильмі көрерменге жол тартты. Отандық кинотуынды белгілі әзілкеш Жахан Отарғалиевтің өміріне негізделген. Көрермен сұранысына ие болған фильмінің авторы — жерлесіміз Әділбек Сапаров. Әділбектің шығармашылығынан шарықтаған фильм бүгінде 500 мыңға жуық көрермен жинаған. Бұл көрсеткіш Marvel ұсынған фильмдердің қаралымынан баса озған. Сонымен, көрермен көзайымына айналған киноның жай-жапсарын ақтарып көрсек.

сериалын ұсындық. Сол жоба кино жазудағы баспалдағым деуге болады. Ал «Джохан» кинотеатрдан ұсынылған Жаханның да, менің де алғашқы жобам. Сондықтан уайым болды. Фильмнің уақыты алғашқыда 2 сағат 50 минут болып кеткен. Алайда соңында оны 1 сағат 40 минутқа дейін қысқартуға тура келді.

«ДЖОХАН MARVEL-ДЫ БАСЫП ОЗДЫ»

— Идея қайдан туыды?  
— Фильмнің негізгі идеясының авторы — оралдық жігіт. Жастар жағы жақсы біледі. Оралда

ойдағыдай алып шықты ма?  
— «Джохан» біздің туынды болғаннан кейін соңына дейін уайымдадық. Кино авторлары өз туындыларын әрдайым жақсы болса екен деген мақсатпен жүреді. Тек кастинг



жұмыстарына қатыспадым. Киноға кім түседі, кім түспейді деген сұрақтардың жауабын Жахан мен режиссер Әнуар Матжанов шешті. Кастингте екеуі бірге анықтады.

«Грант» жайдарман тобы бар. Сол топтың мүшесі Серғазы деген бауырымыз идеяны ұсынды. Соны дамытып, киноның продюсері әрі басты рөлін сомдайтын Жаханға көрсеттік. Туынды ұнап, бірден түсірілімге дайындық жұмыстары басталып кетті.

— Сценарийдің жазылу барысы қалай болды?  
— Көрерменнің бағасы қалай болды?  
— Қанша уақыт жұмсадыңыздар?

— Ұстазым Абдуссәид Төлегеновпен бірге жазып шықтық. Көп уақыт жоғалтқанымыз жоқ. Бастысы, идеясы орнықты болды. Отбасылық кино болғандықтан тақырып та ауқымды, бір жағынан авторларға жеңіл бола түсті.

— Әр образды сомдаған актерлер мен актрисалар рөлін

Қателеспесем алғашында Жаханның келіншегінің рөлін басқа актриса сомдайтын болған. Бірақ Әнуардың таңдауы бойынша ол рөл Сабиригке (Сабира) бұйырды. Менің ойымша барлығы оңтайлы шешім тапқан секілді. Мысалы, әлеуметтік желіде танымал Сабира киноға алғаш рет түссе де өзінің образын жақсы алып шықты. Кәсіби актрисалардан кем түспеді. Халықтың ықыласына бөленді. Жалпы «Джохан» арқылы көбісі кинодағы алғашқы түсауын кесіп, мол тәжірибе жинады.

— Көрерменнің бағасы қалай?  
— Халықтың киноға деген бағасын статистикадан байқауға болады. Кинотеатрларда фильмге деген сұраныс жоғары. Marvel-дың киноларын басып озды. Егер «Джохан» көрерменге ұнамаса, өкінішке қарай статистика да соған сай болар еді.

Әңгімелескен Ерасыл ШӘРІБЕК

Соңғы жылдары адамды бейжай қалдырмайтын, ерекше эмоция сыйлайтын сыйлық жасау мүмкіндігі көбейді. Алтыдағы баладан алпыстағы қартқа дейін жаңа эмоция арқылы жаны рахаттанып, өмір сүруге құлшына түседі, өзіндегі шаттықты өзгелерге де таратпай тұра алмайды. Сондықтан бір ғана сыйлық бүкіл ғұмырға жететін ерекше сезім сыйлауы жаппа өмөс.

Қызылордалық Әйгерім Бахытжанның арнайы мүсіншелер жасау кәсібі мыңдаған адамды қуанытып келеді. Көпті қызықтырған кәсіптің құпиясы неде? Қаншалықты сұраныс бар? Осы жайында Әйгерім Бахытжан-қызымен сұқбаттасудың сәті түсті.

— Кәсібіңіз қаламызда жалғыз-ақ. Идея қайдан келді?  
— Өзім Қызылорда қаласының тұрғынымын, осында туып-өстім. 2015 жылы Астана медицина университетіне оқуға түсіп, кәсіпті таңда 7-курста білім алудамын. Интерн-врач рол қызмет еткім келеді. Бұйырса, резидент боламын. Бұл кәсіпті бастау жайлы карантиннің алдында, осыдан 2 жыл бұрын 2020 жылы наурыз айынан бастап ойға алып, көп ұзамай іске кірістік. Сол уақытта барлық салада дерлік депрессия жүрді. Аурухана да жабылды, біразы онлайн режимге ауысып, кәсіптік нысандардың көбі құлдырап жатты, кейбірі жаңа жүйеге көшті. Осындай сыңарлы, қиын сәтте жолдасым кеуіміз туған жерге оралуға бел будық. Бірақ барған соң немен айналысамыз? Қандай кәсіп

бастауға болады? Өртүрлі идеялар келіп, ойланyp жүрдік. Осыған қызықтық. Шетелде осы саламен айналысатын кәсіпкерлерді көріп, Астана қаласынан оқытатын курстарды іздедім. Осылайша бір курсты тауып, оқып үйреніп алдым. Нәтижесінде енді ғана дамып, ірі қалаларда таралған кәсіп түрін Қызылордаға әкелдім. Көбінесе Солтүстік Қазақстанның тұрғындары, ата-аналар тапсырыс беріп, қызығушылық танытады.

Бұл кәсіпті қолөнер түрі десе де артық емес. Сөбібі қолмен, зейінді бір нәрсеге шоғырландыру арқылы жасалады. Түгел деп осы саланы бастағанда көбісі түсінбейтін, тіпті, үрке қарайтын. Көпшіліктің көзін мұның не қажеті бар деген секілді сұрақ көрінетін.

— Алғашқы тапсырысыңызға тоқталып өтсеңіз...  
— Ең алғашқы тапсырысты досымның жаңа туған нәрестесіне арнайылап жасадық. Үйіндегі кісілер мынау не деп танданып басқаша көзқарас танытыпты. Одан кейін 5 күннен соң дайын нәтижесін, картинаны өкеліп табыстаған кезде олар танданысын жасыра алмады. «Бұлай жасауға да бола ма? Қалай жасайды? Ерекше екен» деп қызығып, рақметін жаудыраны есімде. Сол

кезден бастап инсталлам әлеуметтік желісінде арнайы парақша ашып, нәтижені, әр тапсырысты салып отырдым. Осылайша бір адамнан бір адам естіп, әлеуметтік желі арқылы танып, разы болған тұтынушылар тегін жарнама жасай бастады.

— Мүсіншелер қалай жасалады?  
— Туындылар арнайы ұнтақтар арқылы жасалады. Өзіндік құрамына сай ұнтақтарды араластыру арқылы қажетті массаны, өнімді аламыз. Цемент тектес арнайы ұнтақты араластырып қалыңға құйған соң, өзінің формасына еніп, қатып, ерекше мүсіншеге айналады. Бізде ата-аналар баласы дүниеге келгенде, үш күн өткенде, бір ай, алты ай, бір жас мерейінде де естелік үшін жасатады. Тіпті, отбасындағы үш-төрт балаға жасайтындар да бар. Мұның бәрі де естелік. Қағаз секілді жыртылып, сарғайып кетпейді, су өтпейді. Қайда, қанша уақыт сақтасаныз да сол қалпында тұрады. Мәселен, баланың картасына қашан өмірге келгені, сағаты, салмағы, бойы жазылып, әдемі ескерткіш ретінде көңілге жылылық сыйлайды.

Баланың үлкен адамның, тіпті, шетелдерде іттің, мысықтың аяқтарының мүсінін жасап жатады. Мұнда аяқтың, қолдың ер клетасы, ізі анық әрі толық түсетіндіктен, мұны бір жағынан ДНК анықтамасы десек те болады. Смартфондарда «саусақтың ізі» арқылы тіркелу, сол арқылы телефонды ашу жүйесі енгізілген ғой. Сол секілді мұнда да адам қолының өзіне ғана тән сызықтары, қайталанбайтын әр қыртысы, қолдың көлемі өз қалпында, жүз пайыз анық көрінеді.

— Ерекше тапсырыстар болды ма?  
— Ата-ананың талабына, талғамына сай жасай беремін. Мысалы, маған бір ата-ана теңіз, біреуі балыр, біреуі жұлдыз, бірі ғарышкер бейнесіндегі мүсіншелерге тапсырыс берген еді. Барлығы да талғамға байланысты.

Ерекше есімде қалған бір тапсырыс бар. Медицина саласында жүрген мықты жүзурет, офтальмологқа ағайға арналған сыйлықта тапсырыс берді. Өріптестері қанша көзді емдеп, қанша адамның өмірін аман алып қалған, тағырына әсер еткен дәрігердің қолын мүсіншеге айналдырып, ескерткіш әрі бағалы сыйлық ретінде ұсынды.

Бұл салада сұраныс жоғары десем артық емес. Көбіне аудан, ауылдан сұранып жатады. Өкінішке қарай, қаланың ішінде тапсырыс қабылдап, жеткізетіндіктен сәт жақтарға шығуға мүмкіндік аз. Соған қарамастан ата-аналар Қазалыдан, Шиледен келіп, естелік ретінде сақтап қалу үшін баланың қолы, аяғының мүсіншелерін алып жатыр. Бағасы маңызды емес. Бұл атадан балаға мұра сияқты, жүрекке жылы сыйлап, өшпеден жылға сақтала беретіндіктен, құнсыз, аялсуөз сыйлық.

— Сұқбат үшін рақмет!  
— Әңгімелескен Дина БӨКЕБАЙ

ПАРК ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Бүгінде қалалық мәдени және демалыс паркі өз жұмысын бастады. Бұл қызылордалықтардың қуанышын өселей түсті. Сөбібі ата-анаға бала-шағасын серуендетіп, көңілді көштің куәсі болуға кезекті мүмкіндік туды. Бұған қоса дәмді тоқаш пен балмұздақты да, кәуәптің көз-келген түрін де осы жерден табасыз.

Байпақ қарасақ, былтырғыға қарағанда өзгерістің көп орын алғанын аңғару қиын емес. Атракциондар көбейген. Батутта ойнап жүрген балақайлардың жүзінен қуаныш көрінеді. Ата-ана да шат-шадыман күйде жүр. Қалалық паркте түрлі ойындар мен қызықты жарыстар өткізіліп тұрады екен. Мысалы, кішкентай балаларға арналған шар ату, секірік, баскетбол, балық аулау, лабиринт секілді ойындар бар, олардың қызығушылығын ояту мақсатында жеңілпазға түрлі ойыншықтар

сыйлыққа беріледі. Ең қызығы, тек балаларға ғана емес, ересектерге де түрлі атракциондар бар. Қала тұрғындарының айтуынша, «Пират», «Zik-Zak», «Айналмалы шар», «Американская горка» әсерлі.

Сонымен бірге концерттер жиі түрде өткізіліп тұрады, — дейді қала тұрғыны Ералы Қасиет. Атракциондар 250 теңге мен 500 теңге аралығында. Жалпы есеп бойынша ішінде 100-ден аса түрлі ойын-сауық құрылғылары бар екен. Әрі мұнда футболсүйер жастар жиі басқасы.

Аружан СЕРІКБАЕВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Суреттерді түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ





## АРМАН ЖОЛЫНДА

Мәңгілік ел болу біздің ата-бабаларымыздың ансаған арманы еді. Тәуелсіз ел болып, өзге елдермен терезесі тең дәрежеде иық тіресе тұрсақ деген арман-ансарын ұрпақтан ұрпаққа қалдырды. Сол мұрат-мақсат ұлт зиялылары, Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегі арқылы жарқырай көрінді десек қателеспейміз.

Ел бақытына орай, тәуелсіз атандық, еңсе тіктедік. Енді осынау елдікті қайтсек сақтап қаламыз деген сауал уақыт өткен сайын аға буынды ойландыра бастады. Сөйтіп Елбасы – Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың ұсынуымен 2014 жылы «Мәңгілік Ел» идеясы, ұлттық жобасы қолға алынды. Осы жылдан бастап осы идеяның кеңірейтінде көптеген іс-шаралар жүзеге асырыла бастады.

Мәңгілік ел ол қандай ел? Мәнінше, ең алдымен экономикасы дамыған, адамдары жақсы тұратын және келешек ұрпағы білімді болудың қадірін мейлінше жақсы білетін ел деп есептеймін. Өйткені білімді ұрпақ қана елді мұратына жеткізе алады. Тәуелсіз ел – Мәңгілік ел деген ата-бабаның аманатына келер ұрпақ адал болу керек деп есептеймін. Біз, жас ұрпақ, сол үшін де патриот болуымыз керек.

Ағыбай САҚЫП,  
№ 2 Абай атындағы мектептің оқушысы

## САҒЫНЫШЫМ МЕНІҢ

Өже деген белек әлем екен. Оны әжем дүниеден озғанда сезінгенім мен үшін өте ауыр.

Жаздығүні ыстық аптапта үйге келгенде ыстық шайын баптап ұсынатын әжем екен. Сәкіде отырып, далада ойнап жатқан балаларды жай қарап қана қоймай, оның әрбіріннің іс-әрекетіне қарап, өзінше ой түйіп отыратын, қайран, әжем-ай! Доп тепсек те, егер бір бірімізге тиіп кетердей болса, қатты тимесін деп, жай теңіңдер деп шыр-пыр болып отыратын да тек

әжем екен ғой. «Қатты жүгірме, айғайлап, бір-біріңе қатты дауыс көтерме, бір-біріңді ұрма» деп бәрімізге ақылды айтып отыратын еді жарықтық. «Қойшы, әже, сіз де қайта-қайта айта береді екенсіз» деп ренжитін едік сонда.


Әжесі бар балалар бақытты екен ғой. Үйінде әжең болса, оның қадірін біл, досым.

Саят АСҚАР,  
№261 орта мектептің оқушысы

## ҰБТ ТАҒДЫР МА?

ҰБТ – ұлттық бірінғай тест. Көбісі бұған тағдыр деп қарайды. Расымен де солай ма? Тағдырды шешетін күн осы ма? Оқуға грант ұтып алу өмірдің бақытты билеті ме?

Әрине егер ҰБТ-дан жоғары балл алсақ, онда біздің бәрінен бұрын ата-анамыз қатты қуанады. Бізді түн ұйқысын төрт бөліп, осы күнге жеткізген



ата-ананы қуанту бізді – балаларды бақытты ететін керемет сезім. Оны сөзбен айтып жеткізе алмаспын. Сол үшін де ата-анамды қуантсам, олар менімен мақтанса, ұйқысы тыныш болса, сол кісілердің разылығын алсам деген сезім бізді алға ұмтылдырады. Ең бастысы, грант ұтып алу.

Үйдегілерге салмақ салмасам екен деп көбісі сүйген мамандығынан бас тартып жатады. Ал уақыт деген көзді-ашып жұмғанша зулап өте шығады емес пе?! Сөйтіп оқуы аяқталғасын жұмысы өзіне ұнамай, қаншама адам әуре-сарсаңға түседі. Ұнамсыз жұмыстан табысқа жету де өкіталай. Адам өмірінің көп бөлігі үйден гөрі жұмыста өтетінін бағамдасақ, ең алдымен өзіңді бақытты ететін мамандықты таңдау керек деп есептеймін.

ҰБТ тағдыр емес. Жүрек таңдауына құлақ тұр, өзіңе ұнаған мамандықты таңда, мейлі грант болмай-ақ қойсын, өзіңнің таңдауыңды жаса, досым! Сіз үй салсаңыз, оның ішін өсеңдеу үшін ақша жұмсайсыз, сол сияқты білімге де дәл сондай қаржы жұмсауымыз

қажет. Білімге салынған ақша – болашаққа салынған инвестиция.

Өзіңе ұнаған мамандықтың иесі бол, жас түлек!

Саят АСҚАР,  
№261 орта мектептің оқушысы

## ӘЗІН СУҚҰРЫ

Музыка – өмір. Онсыз өмірді елестету мүмкін емес. Қаншама ғасырлар бойы адам баласы түрлі аспаптан түрлі сазды дыбыстар шығара отырып, өз сезімін, қайғы-мұңын жеткізіп келеді. Тіпті шайқастарда батырларды түрлі күйлермен рух беріп жігерлендірген. Дүниеге келген сәбиді әлди-әлди деп бесік жырымен ұйықтатып, тынышталдырса, адам дүниеден озғанда оны жоқтау айтып шығарып салады. Музыка өмір дегеніміздің мәнісі де осында.

Шынымды айтсам, мен музыка тыңдасам, басқа әлемге еніп, бүкіл мәселемді ұмытып, қиял жетегінде қанша уақыт өткізгенімді тіпті сезбей де қалам. Әуеннің әр дыбысына мән беру бұл – керемет сезім. Ең қызығы, бұрын бала күнімде тыңдаған әндер есіме түссе, елжіреп, сол уақытты аңсап, ерекше көңіл күйде қалқып жүргендей әсерленемін.

"Музыка – жүрек тілі, ол – сезімдер мен көңіл-күй әлемі. Ол дыбыстар арқылы бейнеленген жан сарайы." (А.Н.Серов). "Музыканың жұмыс салдарынан пайда болған шаршағанды ұмыттырып, өзіне баурап әкететін қасиеті болады. Ол бізге осы жұмыстың зардабына шыдауға, төзуге көмек береді." (әл-Фараби). Ұлылардың осынау сөздеріне алып-қосарым жоқ.

Меніңше, ән, музыка – өміріміздің бір бөлшегі, онсыз өмір түссіз, мәні жоқ нәрсеге айналады. Өмірімізге бояу беретін музыканы тыңдайық.

Дана ӘБДИМӨЛІК,  
№101 мектеп-лицейдің оқушысы



## Менің Отаным!

Туған жерім кең байтақ,  
Жығра қостым мен қайта.  
Келген ұлттар әр елден,  
Бесігінде тербелген.

Құшағың кең анадай,  
Нәсілің қарамай.  
Әкедей қақтың дем беріп,  
Жүрмеуі үшін сенделіп.

Отаным деймін өзіңді,  
Қорғаймын, бердім сөзімді.  
Тұрар болсаң асқақтап,  
Мақтан етер жас ұрпақ!

Ілес МАҒЖАН,  
«Жас қаламгер»  
үйірмесінің мүшесі

## Көктем

Екі құлақ және үшеу,  
Көктем шықты жер жарып.  
Бұл бәйшешек гүлдері,  
Көктем енді келді анық.

Көктем келді, бүршік атып,  
Алма ағашы гүлденді.  
Қыстан шыққан солғын дала,  
Бір тамаша күйге енді.

Құстар ұшып көк аспанда,  
Қанат қағып самғайды.  
«Көктем келді» деп көкек те,  
Сүйіншілеп, сарнайды.

Көктем гүлін ұнатамын,  
Ұнар сізге білемін.  
Әр мезгілдің кереметін,  
Үнемі айтып жүремін.

Арысбек АБЗАЛ,  
«Жас қаламгер»  
үйірмесінің мүшесі

## Тәуелсіз ел ұрпағымын!

Мен Тәуелсізбін, Тәуелсіз елде  
өстім,  
Ауасына тыныстап бұлағынан  
су іштім.  
Оянғанда ұйқыманан көк аспанға  
сүйсініп,  
Жүрегіме келді жыр, жылт  
еткендей бір ұшқын.

Мен Тәуелсізбін, білім алдым,  
Кешегі өткен жылдардан мол сыр  
ұғармын.  
Ел қорғаған батырлардың  
даңқты ісімен,  
Рухтылығынан қуат алып  
жылынамын.

Арыстан БІРЖАН,  
«Жас қаламгер» үйірмесінің мүшесі

## Мәншүкке арнау

Жер-Ана күні-түні отқа оранып,  
Мәншүк қызық пулемет қолға  
алып.  
«Ел үшін!», «Отан үшін!» деген  
сөзді,

Ұран қылып қызыл туын қолға  
алып.

Жеңіс үшін ұмтылды жықпай туын,  
Елді жаудан қорғады азаттықтың.  
Опат болды ел үшін Мәншүк  
қызың,

Елін жаудан қорғаған батыр  
қызың.

Даңқысың даламыздың дара  
қызы,  
Майданда ерлік еткен батыр  
қызы.

Мәншүктің қаһармандық салған ізі,  
Ел есінде мәңгілік қалған ізі.

Зеңбіректер сілкінтті жердің жүзін,  
Снарядтар оқ боратып қақты  
ызың.  
Ақтық демі біткеше тайсалмаған,  
Ер тұлғалы көрдім мен қазақ  
қызын!

Нұрбек АҚТАЙ,  
№189 орта мектептің оқушысы

## Ана тілім жырлауды мұңды сарын

Тіліммен тілдесіпін түн жарымда,  
Тыңдадым қуанышын,  
мұңдарын да.  
Тілгіленген жарасын жасырғанмен,  
Дірілдеген қорқыныш қолдарында.

Тіліммен сырласыппын  
адамдайын,  
Түсінгендей мен оны алаңдаймын.  
Алаңдаймын, жоқ іздеп түн ішінде,  
Қайғысына демеу сөз таба  
алмаймын.

Мына шаққа, жетіпті күресем деп,  
Өзге тілдің жолдарына ілесем деп.  
Міне, жеттім дегенде жоғарыға,  
Шұбар тілдің шырмауына  
тіресем деп.

Ана тілім жырлайды мұңды сарын,  
Қосылып мен жыламын,  
мұң құшамын.  
Жұбатады екеуімізді ай мен  
жұлдыз.

Тілdestірген тіліммен, түнгі сағым.

Көзіме таң шапағын түсіргенде,  
Мұның бәрі түс екенін түсіндім де.  
Ошағына білімнің қазақ тілді,  
Кете бердім, іштей ғана  
күрсіндім де!

Салтанат ӘБДИХАЛЫҚОВА



# ШЫТЫРМАНҒА САЯХАТ



Естай есімді бала «Шытырманға саяхат» атты оқиғасын бастады. Иә, аты айтып тұрғандай, қызыққа толы сәттер. Ол бала кезінен өзін сол жерде жүргендей сезінетін. Оның ойын барысында танысқан Еңлік аты көрікті досы болды. Еңлікке қызыға қарайтын. Оның құпия кітабы бар болатын және ол оны «Менің шытырман оқиғаларым» деп атады.

— Мынау менің шытырман оқиғалар туралы кітабым. Бұл жерде әйгілі саяхатшының суреті бар. Соған соң ол саяхаттаған жерге мен де барамын. Әсіресе, Оңтүстік Америкадағы Жұмақ сарқырамасына баруды армандаймын. Екеуіміз үлкенгеде сол жерге үйімізді апарып қоямыз, — деп Еңлік Естайға өзінің армандарын бөлісетін. Оның ойын құптаған Естай оған бірден уәде берді.

Арада біршама уақыт өтеді. Ал Естай өзінің бала кезіндегі «Шытырманға саяхат» атты оқиғасын бастауға алдашаң кірісіп кеткен еді. Ол екеуі бірге түрлі жерлерді аралайды. Бірақ бала кезі армандарын ұмытпай, тек соған қарай ұмыталады. Бірақ еш шаға болмағандықтан, өз үйіне қайтуды жөн көреді.

Біраз уақыттан кейін Еңлік ауруға шапдығып, өмірден озады. Бірақ ол олардың бала күні армандарына шектеу қоя алмайтын. Естай ерекше әуе кемесін жасауға кіріседі. Оның ойындағы әуе кемесі жай кеме емес, ұшатын үй еді. Көп ұзамай, бұл арманына дәл жетеді. Ол өз үйінің шатырына көп шар байлап, үйді көкке ұшырады. Оның қолынан бәрі де келді, тек Жұмақ сарқырамасына жету ғана қалды.

Бірде ол ұшатын үймен көкте жүрген уақытта қатты жел болып, найзағай соғады. Желдің қатты болғаны соншалық Естайдың үйін ұшырып, айдалаға өкпеліп тастаса керек. Бірақ бұл Естай қуанышты жағдайға айналды. Неге десеңіз, жел оның үйін Жұмақ сарқырамасына жақын жерге айдап соққанды. Оның қуанышында шек болмады.

— Еңлік, көрдің бе? Өзің айтқандай, мен уәдемізді орындадым, — деп іштей айтып қоятын.

Ол Жұмақ сарқырамасына түсіп қана қоймай, ерекше бір әлемге тап болады. Ол қандай әлем дейсіз бе?! Онда біз көрмеген тіршілік иелері өмір сүретін. Құстары бұлубұлдай сайрап, алып-алып динозаврлар, адаммен тілдесе алатын жан-жануарлар мекен етеді. Осыған бәрін зерттеп өз еліне қайтып оралған Естай үлкен құрмет ие болыпты.

Аружан МАҚСЫМБЕТ,  
№102 орта мектептің оқушысы

Ежелгі заманда бір тайпа өмір сүріпті. Халқының бет-бейнесі ақұба келген, көзі үлкен, денесі ірі болған. Олардың негізгі шаруашылықтары болмаған.

Бір күні тайпа көсемдері қоныс аударуға шешім қабылдайды. Барлық халықты жинап, көшуге дайындық жүргізеді. Сөйтіп жазу жолға шығады. Олар жолды көптеген жерге кезгеді. Бірақ оларға ешқандай жер ұнамайды.

Көп күн өте-өте тайпа бір жерге тап болады. Ол жерде үңгірлерден басқа ешнәрсе жоқ екен. Бірақ көсемдері осы жерді таңдайды. Сөйтіп халық олардың шешіміне көлісіп, осы жерде тұрақтайды. Олар үңгірлерге орналасады.

Тайпа еш дамусыз, тыныш өмір сүре береді. Бір күні аспанға қара бұлт жамылып, күн күркірей бастайды. Кенет айналасың бәрін шаң басып, жұртшылық шаңнан көз ашпай қалады. Сөйтіп аспаннан алып дәу жерге түседі. — Тайпа аң-таң болып қалады. Алып дәу тайпа көсемін алдында шақыртады.

— Сендердің басыларың кім, шақырыңдар! — деп бұйырып, бар дауысымен айқайлайды. Сөйтіп тайпа көсемі алып дәудің алдына келеді:

— Сіз кім боласыз, мырза? — дейді. Алып дәу мысқындап күліпті.

— Мен мына сендер табан тіреп тұрған жердің басышымын, — деген сөзді естігенде барлығы аң-таң болып, алып дәуге бас ие бастайды. Тайпа көсемі де оған бас иіп, кешірім сұрап, уәжін айтады:

— Мырза, бұл жер сіздің иелігіңізде екенін білмеді. Егер қарсылығыңыз болмаса, біз осы жерді тұрақтасам. Мүмкін болмаса, — дей бергенінде жер иесі оны тоқтатып, тайпа көсемінің сөзін өзі жалғастырады:

— Менің тұратын жерім көп. Маған кез келген жерде орын табылады. Мына халықты босқын қыламын, сендерге осы жерді тұрақтауға берейін. Алайда бір шартым бар.

— Айта беріңіз, біз кез келген шартты қабыл аламыз. Тек осы қонысты бізге берсеңіз болды, — дейді қуанышпен тайпа көсемі.

— Асықпа! Ең әуелі шартымды тыңда. Сендер осы жерге тұрақтанасыздар, бірақ жеріме зиянын тигізетін болсаңдар сендерге жақсы болмайды — деп ескертіп, жоғалып кетеді.

Тайпа қатты қуанып, бұл жерді көркейтуге атсалысады. Бұрын жұмыс істемеген халық — егіншілікпен айналысады. Кейбір аңдарды қолға үйретіп, мал шаруашылығымен де айналыса бастайды. Үңгірлердің орнына әр адам өзінше үй салып, айналасы ағаш етіп, гүл есіреді.

Күндер өтіп, айлар өтіп, жылдар да жылқыды. Тайпа дамыған. Халқының жағдайы жақсарған. Көсемі өз жеріне қанағаттанбай, басқа тайпаларға шабуыл жасай бастайды. Өзінің еліне назар аудармай, тек жер байлығын ғана ойлайды. Соғыс үшін өзінің жеріндегі ағаштарды кесіп, түрлі қару-

жарақтар жасай бастайды. Халық ашаршылыққа ұшырағанда, тайпа көсемі:

— Біздің айналамыздағы барлық аңды аулап, азық қыпындар, — деп халыққа бұйрық береді. Сөйтіп жер бетіндегі аң-құс, өсімдіктердің саны азая бастайды. Олар алып дәудің сөзін естен шығарған болатын.

Бір күні тайпа көсемінің түсіне бір ақсақал кіріп: — Балам, өз жеріңе ие бол, — деп айтып кетеді. Ол сөзді елемеген тайпа көсемі жаулаушылық жұмысын жалғастыра береді. Халық та оны қолдайды. Алайда олар алып дәудің сөзін естен шығарған болатын. Күндердің күнінде тайпа жерінде қатты дауыл болып, найзағай ойнап, жанартау атқылайды.

Жанартаудың қатты атқылағаны сонша жаңағы жер де, халық та жойылып кетеді. Бұл жерді «қарғыс атқан жер» деп аталып кеткен деседі. Алайда бұл оқиғаның сырын тек біз ғана білеміз.



Нұрайым УӘЛИХАНҚЫЗЫ,  
№176 орта мектебінің оқушысы

Ерте, ерте, ертеде Ақылбай қарт пен Күмісқұл әженің Ақтан деген немересі өте алғыр, зерек бала болып өсіпті. Ақылбай ақсақал сойылған қойдың асықтарын жинақтап, жетіге келгенде немересіне:

— Балам, бұл асық, Қазақтың ұлттық ойыны. Ал бұл сақа деп ішінше үлкендеу асықты көрсетті. Күндегікті атасымен асық ойнап үйренсең бала алғыр, тәйке, бұқ, шік түскен асықтармен ойнауды мықты меңгеріп алады.

Кезекті бір ойынында қолыңдағы сақаға тіл бітіп Ақтанға былай депті:

— Ақтан, сен өте зерексің. Мен саған адал қызмет етемін, барлық бйгедең оза шабатын боласың. Бірақ мен туралы ешкімге тіс жарма, күнде көшке мені қой қорадағы бұрышқа тіліп қоятын бол. Таң ата мені асықтарға өкпеліп қосарсың, — депті.

Есін жия алмай отырған Ақтан түк түсінбеген күйі басын іздей берді. Ақтан ешкімге айтпа деген сақаның сөзінен соң не істерін білмей, атасының жанына барып, айтатын уәде қоржыл көпке дейін мазасызданған күй кешіп отырды.

Кеш болды. Ақтанға ой келді. Сақа неге сөйлейді, өтірік болар. Мен асық ойынына қатты берілгенім соншалық, құлағым әлдебір дауыстар келетін болған ба, деп ұйығы кетті. Ертеңіне қой бағып жүріп, асық ойнап жүрген балалармен бірге Ақтан да ойынға кірісті. Күндегікті асыл балаларының асығын ұтып, жеңіске жетіп жүрген Ақтанның бүгін жолы болмады. Бірталай асығынан айырылып қалған Ақтан балаларға ренжіген кейіп танытып, ойынан шығып, көзіне келген жасты сығып алды.

Бір кезде «Ақтан, мен саған не дедім. Неге менің айтқан уәжімді орындамадың?» деген дауыс келді.

Орыннан ұшып тұрған Ақтан «Сақа айтшы, сен шынымен сөйлейсің бе?» деді.

Иә, мен



сықырлы сақамын. Саған адал қызмет етемін. Бірақ менің шартымды орындап отыр, — депті.

Содан бастап күнде кешкілік сақаны қой қора бұрышына байлап, таңертең асықтармен бірге қойып, күннен күнге жетістігі молайып, ауылдағы Ақтан нағыз мерген деген атаққа ие болып жүрді.

Жаңыра жүрген Берік деген көршісі Ақтанның жетістігін көре алмай, Ақтанның құпиясын ашуға сыр тартып, әрбір әрекетін аңдып жүрді.

Кезекті бір ойында Ақтанның сақамын сөйлесіп тұрғанын сезіп қалған Берік кешкілік уақытта аңдып жүріп, қораға тіліп қойған сақаны қолға түсіреді. Таңертең қораға барған Ақтан сақаны орынан таба алмай, есеңгіреп қалады. Асық ойынаын десе, сақасын таба алмай, іздеуге көшеді.

Берік сақаны қолына түсірген уақытта қуанышында шек болмай, шаруа бітіргендей риза болады. Бірақ сақамын ойнайын десе, барлық балалар Ақтанның асығын тәңінде, балалар арасында ұры атанып, мазасыз болармын деген ой мазалап, Ақтанның үйіне қарай жол тартады.

— Ақтан, мен сенің алдында ұяттымын. Сенің қолыңдағы сақаға қызығып, қасиеті бар екенін аңғарып, ұрлап алғанмын. Бірақ қалай асықты қолыма ұстасам, құлағымға «Ұрлық — түбі қорлық» деген дауыс келіп, қолым сырқырап, қатты мазасызданып кететін болдым. Мені кешіріш, мен ісімің дұрыс емес екенін түсіндім, — депті.

Ақтан асығын қуана қолына алып, Берікке ренжімеген күйім, балалармен асық ойнауға жүгіріп кетті. Беріктің асықты қайтарған кезден бастап қолының ауырғаны басылып, құлағына дауыс келуде тыйылды. Жаңы жая тауып, бір рахат сезімге бөлене отырып, қасиетті сақаға алғыс айтып, мені жаман адеттен арылқаныңа рақмет деді.

Аяулым  
ҚУАНТҚАНОВА,  
№2 облыстық  
дарынды  
балаларға  
арналған мектеп-  
интернатының  
оқушысы

Ерте, ерте, ертеде ешкі жүні бөртеде, қырауауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен. Бір күні Сая мен Майя деген сұлу қыздар болыпты. Сая өте пысық, мейірімді, ал Майя қырсық, ерке, бірақ ақылды болады. Бірде екеуі ескі алдына ойнауға шығып, серуендеп жүреді. Құстарға жем шашып, мөлкете еңбек пенінен жасаған уысын ағаш басына іліп, таң тамаша болып жүреді. Кішікенті Майя зеріксе керек, Саяға:

— Жүр, екеуіміз орманға барып, саңырауқұлақ терейік. Онда көбелек көп, бір жағынан айналызға гүл өкелеміз, — деп ұсыныс айтады. Сая алғашында қорыққанымен, сіңісінің көңілін қалдырмауды ұйғарады.

Осылайша қос қыз орманға барады. Орман іші жаң-жасыл, құдды бір жұмақ дерсің. Аңқыған хош иіс, жайнаған түрлі-түсті гүлдер. Шіркін-ай көздің жауын алады. Екеуі көбелек құйып, ойнап жүреді. Кенет аспанда қара бұлт пайда болады. Күн күркірей, жаңбыр жауады. Айналасы қараңғы басып, қорқынышты дыбыс естіле бастайды. Найзағай ойнап, қатты құйын тұрады. Майя қорқып, жылап жібереді.

Жан-жақтан найзағай жарқ-жүркі етіп, Майя жарық шыққан жаққа қарай жүгіріп кетеді. Сая сасқалақтап:

— Мая, Мая, тоқта, бері кел, қорлыққа, — деп сіңісіне қарай жүгірген екен. Сая

жүгіріп келе жатып ағаш тамырына жығылып, құлап қалады.

Орыннан тұрса, орман іші жым-жырт тыныш. Сіңісінің шарқ ұрып, орманды кезіп іздегенімен, таппай дал болады. Амағы таусылып, шаршаған Сая бір көрі еменнің көлеңкесіне отыра қалады. Сақпен соң жаңбырдың жауғаны басылып, күн ашылады.

— Орманға қайдан ғана келдік. Енді Майяны қайдан табамын. О, Жаратқан, бізге жәрдем бере ғер, — деп дұға етеді.

Сол кезде еменнің төбесінен торғайдың шықпайдаған дыбысы естіледі. Ол бір құдды жол көрсеткендей артына қарайлап ұшады. Сақда бір нәрсемен түсінгендей орыннан атып тұрып, торғайға іпесе жөнелген. Торғай оны қорқынышты қамалға алып келеді.

Бұл Мұстан кемпірдің үйі екенін сөзсіз түсінді. Аяғын басаң басып, басыпалдақпен жоғары көтеріліп, есіктен сығаласа:

— Ха-ха-ха, ақымақ қыз, орманға жалғыз келіп нең бар еді?! Көптен бері жасырып, сұлу болғым келіп жүр еді. Дәл уақытыңда келдің. Өйтпесе әл

дәрменім құрып, ауыра беремін. Сенің жаңынды алып, жасарып алсам, мәңгілік зұлымдық патшалығы боламын, — деп әңдетіп үлкен қазанды будақтатып, ожаумен араластырып тұр екен.

Ал кішкентай Мая қолы-аяғы байлаулы, үстелде отыр. Бір кезде Мая көзі есікке түсіп, Сая деп жылап жібереді. Мыстан кемпір арқанын лақтырып, Саяны шап беріп ұстап алып, байлап қояды.

— О, бүгін қандай керемет күн. Сіпа, меннен бақытты жан болмас, — деп қатты қуанады. Мыстан екеуін орыннан тұрызып:

— Ал сүйкімді арулар, көздеріңді жұмындар, — деп, екеуін қазанға салуға оқталады. Кенет үйдің іші сатырлап:

— Оның бола қоймас, жауыз мыстан, — деп алып бүркіт кіріп келіп, мыстанның өзін қазанға итеріп құлатады.

Сөйтсе бағанағы кішкентай торғай көмекке орман сақшысы бүркітті шақырған екен. Қос қыз бүркітке алғыс айтады.

— Достар, сендерге көп рақмет. Сендер болмасаңдар мыстан Майя екеуіміздің жанымдыз алатын еді, — дейді көздері мөлтілдеп.

Сонда Торғайға тіл бітіп: — Сендерді орманға келген сәттен аңдып,

жүзетар —  
АДАМЖЫҒ  
ДОСЫ

еріп келемін. Қауіп төнерін сездім. Сендер сондай жақсылықпен, мейірімді, жанашырсыңдар.

Көктемде пана іздеп, балаландарыңды қайда орналастырамын деп қам жегенде уя жасап қамқор болдыңдар. Күнде балаландарыма азық, дан бересіңдер. Бұл — жақсылықтарыңның қайтарымы. Сендердей қамқоршадан айырмалығым келмейді» — дейді.

Сонда бүркіт: — Қыздар, орманға жалғыз келу қауіпті. Ойнайтын жер емес. Кеш батпай үйлеріңе жетіп алыңдар, — дейді.

Торғай: — «Ендеше қайтайық, жүріңдер. Мен сендерді адастырмай үйге алып барамын. Мені де балаландарым күтіп қалған болар, — дейді.

Осы оқиға қыздарға үлкен сабақ болды. Жақсылықтың аяқ асты қалмайтынын, бір күні өзіне шалапаты тиетінін түсінді. Екеуі есейіп, қырсық, қыңырлықты тастап, тек жақсылық жасап жарысып, оны ылғи дәріптеп жүруді әдетке айналдырады. Ерте көктемнен уя жасап, достары торғайды тағатсыздана күтеді.

Жаннұр ҚОМБАЙ,  
5 мектеп-лицейінің оқушысы

## ТОПЖАРҒАН

## ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІСІ



Францияның Нормандия қаласында бүкіләлемдік гимназия ойындары мәреге таяды. Жазғы олимпиадалық спорт түрлерінен өткен байрақты бәсекеде Сыр спортшылары ел намысын қорғап, олжаман оралды.

Бокстан Орынбасар Ақтілек 54 келі салмақ дәрежесінде шаршы алаңға көтеріліп, қарсыластарын шаң қаптырды. Ол жарыс барысында 4 қарсыласын жеңіп, жарыстың биік сатысына көтерілді.

Өлемдік бәсекеде жүлделі көп дзюдодан да қызылордалық спортшылар алдына жан салмады. 73 келіде бақ сынаған Алтай Ақбар мен 57 келіде сынақ түскен Дина Мұхаббет күміс жүлдеге қол созды. Ал Самал Мәлікқызы татамиде қола жүлдені жеңіп алды.

Еркін күрестен Нұрдаулет Маратұлы бөзілемде атой салды. Ол Франция төрінде 5 қарсыласын таза жеңіп, гимназия ойындарының жеңімпазы атанды.

Айта кетейік, Франциядағы гимназия ойындарына 70 елден 4 мыңнан аса спортшы бақ сынап, жүлделерді сарапқа салды.

ӘЛІМХАНҰЛЫ –  
ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында «Qazaq style» деген бүркеңшік есіммен танылған Жәнібек Әлімханұлы мен үлкенбританиялық Дэнни Дингунмен әлем чемпионы белбеуіне талас жүргізді.

Тансәріден басталған жекпе-жек ұзаққа созылмады. Бәсеке басталған бетте Жәнібек қарсыласын бірден қыспаққа алды. Жойқын соққыларын дәл дарытып, оған есе бас көтерткен жоқ. Бірінші раундтың өзінде ноқдауы белгіленді. Төресіз онға дейін санағанды Дингун есін жияй үлгерді. Бірақ қазақ боксшысы қарқынды еш бәсеңдетпеді. Уәнесі шабуыл өтінде жүрген Әлімханұлы екінші раундтың соңғы минутында британиялықты керме арқанға тіреп қойып, оңдырмай сабады. Үш-төрт ауыр соққы дәл тигеннен соң Дэннидің қорғануға да шамасы келмеді. Соңында Жәнібек сол қолымен мектің астынан оңдырмай ұрды. Осы апперкоттан кейін қарсыласы есінен танып, оңбай құлады.

Осылайша, 29 жастағы Жәнібек Әлімханұлы көсілқой рингтегі өзінің 12-ші жекпе-жегі өткізіп, кезекті жеңісіне қол жеткізді. Енді Жәнібек «толыққанды» әлем чемпионы атағы үшін таласуға мүмкіндік алады.

БОКСШЫЛАРҒА  
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

Түркияның Ыстанбұл қаласындағы әлем чемпионатында жүлдегерлер қатарынан көрінген қазақстандық боксшылар қаржылай сыйақымен марапатталады.

Қазақстан бокс федерациясы мәліметінше, федерация президенті Кеңес Рақышев ел спортшыларын қолдау мақсатында Түркиядағы әлем чемпионатына арнайы келді. Сапар барысында ол отандық боксты дамытуға байланысты шетелдік елшілермен біріктірме бекетін маңызды кездесулер өткізді. Одан кейін қазақстандық боксшы Алуа Балқыбекованың финалдық жекпе-жегіне тамашаланды. Спортшылармен жүздеуде жүлдеге іліккен және бокстың жарқын үлгісін көрсеткен бүкіл боксшыларға алғыс айты.

Айта кетейік, әлем чемпионатының қорытындысы бойынша жүлдегерлер ІВА сыйақысынан бөлек Қазақстан бокс федерациясының қаржылай сыйақысымен марапатталады. Осылайша күміс жүлдегер Алуа Балқыбековаға 30 мың АҚШ доллары берілсе, қола жүлдегерлер Жаина Шекербекова, Дина Жоламан, Карина Ибрагимова және Валентина Хальзова 10 мың долларға ие болады.

Бетті дайындаған: Е.ШӨРІБЕК

Алтынбек ЖҮНІСОВ, кикбоксан  
халықаралық дәрежедегі спорт шебері:

— Алтынбек, жаттығу мен жарыстарға 17 жыл уақытыңды жұмсап, есімің алты алашқа танылды. Бүгінде бағындырмаған бәлесің жоқ. Өңіміңнің өлкесіңмен қауіпті спортқа қалай келгеніңнен бастайықшы...

— Бала кезде спорт денсаулық кепілі деген ұран қалыптасып, жүгіру, футбол сынды спорттың түрлеріне көңіл бөле бастадым. Ауыл баласы болған соң тынымсыз күндерің таусылмайды. Шаруадан қол да, уақыт та босамады. Күнделікті сағат пен минут сырғып өткеннен кейін уақытымды текке жібермей, спортпен шұғылдануға көңіл бөлейін дедім. Бірі қызығы, жұртты ағасы немесе әкесі ертіп апарса, мені ағам алып барды (күліп). Жалпы спорт түрін таңдауда көп ойландым. Содан ағам кикбоксқа жетектеп әкелді. Қай спорттың да өз қиындығы болады ғой. Басында қиыншылықтар болды. Тіпті, тастап кеткім келген кездерде кездесті. Дегенмен чемпион болуды армандадым. Аяғыңа дейін жетуді мақсат еттім. Содан бері міне спортпен айналысып жүргеніме 17 жыл өтті. Бүгінде жеткен жетістіктерім жаман емес.

— Жекпе-жек спорт түрлерінің әдіс-тәсілдері бір-біріне сәйкес келіп жатады. Мысалы, дзюдо мен самбо деген секілді. Ал кикбоксты қозғағанда MMA да еске түседі. Екі спортты да қатар алып жүрген боларсың?

— Иә, дұрыс айтасыз. Кикбокс пен MMA спорты бір-біріне жақын. Ұқсастығы бар. Бүгінде екеуін де қатар алып жүрімін. Шүкір, кикбоксингтен жеткен жетістіктер аз емес. MMA-ға ақырындап аяқ басып келемін. Бұйырса ол спортта да Қазақстанның атын шығаратын боламын.

— MMA-дың ақ-қарасын көбісі біле бермейді. Бұл спорт түрімен айналысу үшін қандай талап қойылады?

— Бұл спортқа кең қырушыларға ең алдымен шыдамдылық керек. Шыдамды бола білсең ғана нәтиже көрсетеуіңе болады. Ұрымтал сәтте есе жіберіп қойуың мүмкін. Сонда кезде төзе білгі тиіс. Қорыта айтсақ, аяқастан тұратын спортқа «оқу» керек.

— Ережесіз жекпе-жектерде спортшылардың толық аты жөніне қарағанда лақап аты лезде тарайды. Бұл бір жағынан танымалдылыққа әсер ететін негізгі фактор десек болады. Бәлкім сіздің де лақап атыңыз бар шығар...

— Лақап атты өңді ғана қолға алып жатырмын. «Алтух» деп те атап жүргендер көп. Ел аузында қандай атпен таралсам мүмкін соны қоятын шығармын. Әлі нақты емес. Десек те болашақтың жоспарында тұрған мәселе бұл.

Кикбокс – олимпиадалық спорт түріне ебсе де айналысушылар нем қызығатындар көп. Алып соққандан тайсалмайтындар аталған спортқа бет бұрады. Соның бірі – Алтынбек Жүнісов. 17 жыл уақытын рингте өткізген Жүнісовтың жетістігі сан түрлі. Кикбоксан халықаралық дәрежедегі саңлақпен сұхбаттасқан едік.

«КИКБОКСҚА «ЖҮРЕК» КҰЖЕТ»

— Әр спортшының идеалы болатыны сөзсіз. Кімді үлгі тұтасыз?

— Қарсыластарына есе жібермей, сенібурушта теңдессіз шебер атанған ресейлік Хабиб Нурмагомедовке еліктімің және үлгі етемін.

— Спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Сәтсіздікті, жеңілісті қалай қабылдайсыз?

— Жеңілістің керік дегені уақыт кімге болса да оңай емес. Менің де жеңілген кездерім болды. Жаттығудан шаршап-шалдықанда жеңілісті есіме аламын да оған дайын есем екенімді түсінемін. Өйткені жеңіліс пен жарақат сағынды сіндіруі мүмкін. Өрине, маңдайыңа жеңілу жазылса одан қашып құтыла алмайсың. Дегенмен жеңілмеу үшін шаршы алаң мен жаттығу алаңында жаңында салуың керек. «Жеңістің атасы көп, жеңіліс – жетім» деп бекер айтпаған. Өмір жеңіс пен жеңілістен, сәтсізлік пен сәтсіздіктен, қуаныш пен қайғыдан тұратынын ұмытпау керек.

— Спортшылардың бос уақыты бола бермейтіні анық. Дегенмен жаттығу мен жарыстардан қол қалт еткенде шұғылдандар шаруаңызды білесіз...

— Жаттығудан тыс кезде ауылға барғанды ұнатамын. Өр қазақ баласы үшін туған жер ыстық. Ауылдағы жұмыстың өзі жаттығу десем қателеспес едім. Өйткені мұнда тынымсыз тіршілік. Маған сонысы мен де қызық. Сондай ақ ғибратты әңгімелерді тыңдағанды жақсы көремін.

## ЧЕМПИОНАТТАР МАУСЫМДЫ АЯҚТАДЫ

Барша әлемді аузына қаратқан үздік біріншіліктерде футболдың кезекті маусымы өз мәресіне жетті.

Адалоптың отаны саналатын Англияда Пеп Гвардиол бастаған «Манчестер Сити» командасы 39 ұпаймен «Чемпион» атанды. 38 турдың 29-ын жеңіп, 6 мәрте қарсыласымен тең түсіп, 3 ойында жеңіліс көрген. Англия біріншілігінде 99 гол соғып, 26 мәрте Едерсон допты қақпадан алған.

92 ұпаймен «Англияның вице чемпионы» атанған «Ливерпуль» командасы 38 ойынның 28-ін жеңіп, 8 ойын тең ойнал, 2-ін жеңілген. Чемпионатта 94 гол соғып, 26 мәрте команда қорғауы санылау берген. Үздік үштігі Лондонның үздік клубы «Челси» 74 ұпаймен тәмамдады. 38 турда 28 мәрте қарсылатан басым түсіп, 11 мәрте тең түсіп, 6 мәрте жеңылған. АПЛ біріншілігінде 76 гол соғып, 33 мәрте Менди қақпасының кілті табылған. 71 ұпаймен төртінші орында Лондонның екінші командасы «Тоттенхем» еңшіледі. 38 кездесудің 22-сінде бөделі артып, 5 рет тең ойнал, 11 мәрте жеңілген. Ел аузында жүрген Кейн бастаған жігіттер бұл маусымда турнир біріншілігінде 69 гол соқса, Льюис қорғаған қақпадан 40 мәрте санылау табылған. Англияның үздік лигасымен қолтасатын командаларға келсек, 35 ұпаймен 18-орында Берли командасы орынқты.

38 кездесудің небәрі 7 мәрте қарсыласын жеңіп, 14 ойында тең ойнал, 17 рет жеңілістен көз ашпаған. Лигада 34 гол соғып, 53 мәрте допты қақпасына алған. 19 орында 23 ұпаймен Чемпионшиптың кезекті командасы Уотфорд жайғасты. 38 турдың 6-ын ғана жеңіп, 6-ін тең ойнал, 27 рет жеңілген. Олар Англия біріншілігінде ең көп жеңілген команда болды. Англия біріншілігінде дайын болмаған Норвич командасы 22 ұпаймен 20 орынды алды. 38 ойынның 5-ін жеңіп, 7-ін тең ойнал, 26-ын жеңілген. Жалпы біріншілікті 23 гол соғып, 84 мәрте қақпасына ие болмаған.

Өлемнің үздік 2 лигасы испаниялық Ла лигаға келсе, 86 ұпаймен «Реал» бастаған Реал Мадрид командасы чемпион атанды. 38 кездесуде 26 рет қарсыласына тізе бүктірсе, 8 ойында тең ойнал, 4-ін жеңілген. Испания біріншілігінде 80 гол соғып, 31 мәрте қорғауы санылау берген. Екінші орында 73 ұпаймен «Реал» командасы «Барселона» орынқты. 38 ойынның 21-інде үздік болып, 10-ын тең ойнал, 7 рет жеңылған. Ла лигада 68 гол

соғып, 38 рет Тер Штеген қақпасына гол соғылған. Үздік үштігі Мадридтің екінші мықтысы «Атлетико Мадрид» 71 ұпаймен еңшіледі. 38 кездесудің 21-ін жеңіп, 8-ін тең ойнал, 6-ында жеңілген. Ла лигада 65 гол соғып, 45 гол жіберген. Төртінші орында 70 ұпаймен «Севилья» командасы иеленді. 38 ойынның 18-ін жеңіп, 16-сын тең ойнал, 4-ін жеңілген. Ла лигада 30 гол соғып, 23 гол жіберген. Италияның үздік лигасымен келесі командалар қош айтысады. Олар 38 ұпаймен 18 орынды ыңғайдаған «Гранада», 35 ұпаймен 19 орында көрінген «Леванте» және 31 ұпаймен 20 орынға түскен «Департиво Алавес».

Әлемге тактикалық футболдың отаны болып танылған италиялық Серия А-да Златан

25 рет жеңіп, 9 ойында тең ойнал, 4 мәрте жеңіліске тап болған. Чемпионатта 84 гол соғып, 32 гол жіберген. Үздік үштігі 79 ұпаймен «Наполи» орынқты. 38 турдың 24-інде қарсыласын асып түссе, 7-інде қарсыласын тең ойын көрсетіп, 7-еінде жеңілген. Ел біріншілігінде 74 гол соғып, 31 гол жіберген. 71 ұпаймен төртінші орында Туриннің үздік командасы «Ювентус» еңшіледі. 38 кездесудің 20-сында бөделі артып, 10 рет тең ойнал, 8 мәрте жеңілген. Влахович бастаған жігіттер бұл маусымда турнир біріншілігінде 57 гол соғып, 37 гол жіберген. Италияның үздік лигасымен келесі командалар қош айтысады. Олар 30 ұпаймен 18 орынды ыңғайдаған «Кальяри», 28 ұпаймен 19 орынды көрінген «Дженова» және 27 ұпаймен 20 орынға түскен «Венеция».

Гол соғу мәнерімен әлемді таң қалдырған Германияның үздік лигасында Роберт Левандовски бастаған «Бавария» командасы 77 ұпаймен чемпион атанды. 38 ойынның 24-ін жеңіп, 5 ойында тең түсіп, 5 кездесуінде жеңілген. Бүндеслигада 97 гол соғып, 37 гол жіберген. 69 ұпаймен «Германияның вице чемпионы» «Боруссия Дортмунд» командасы 38 ойынның 22-ін жеңіп, 3 ойында тең ойнал, 9 матчта жеңілген. Чемпионатта 85 гол соғып, 52 рет команда қорғауы санылау берген. Үздік үштігі «Байер Леверкузен» клубы 64 ұпаймен тәмамдады. 38 турда 19 мәрте қарсылатан басым түсіп, 7 мәрте тең түсіп, 8 мәрте жеңылған. Бүндеслига біріншілігінде 80 гол соғып, 47 мәрте қақпасының кілті табылған. 58 ұпаймен төртінші орында «РБ Лейпциг» еңшіледі. 38 кездесудің 17-сінде бөделі артып, 7 рет тең ойнал, 10 мәрте жеңілген. «Кайзерслаутер» бұл маусымда турнир біріншілігінде 72 гол соғып, 37 гол жіберген. Германияның үздік лигасымен келесі командалар қош айтысты. Олар 33 ұпаймен 18 орынды ыңғайдаған «Герта», 28 ұпаймен 19 орында көрінген «Арсенал» және 18 ұпаймен 20 орынға түскен «Гройтер».

Әлемге талантты футболшыларды паш етуден жалықпайтын Франция елінің үздік лигасында кезекті мәрте «Пари Сен-Жермен» 86 ұпаймен чемпион атанды. 38 ойынның 26-сында жеңіп, 8-інде тең түсіп, 4 матчта жеңілген. 1-Лигада 90 гол соғып, 36 гол жіберген. 71 ұпаймен «Францияның вице чемпионы» атанған «Марсель» командасы 38 ойынның 21-ін жеңіп, 8 ойында тең ойнал, 9 ойында жеңілістің керік дегені татқан. Чемпионатта 63 гол соғып, 38 рет команда қорғауы санылау берген. Үздік үштігі «Монако» командасы 69 ұпаймен еңшіледі. 38 кездесудің 20-ын жеңіп, 9-ын тең ойнал, 9-ында жеңілген. 1 лигада 65 гол соғып, 40 гол жіберген. Францияның үздік лигасымен келесі командалар қош айтысады. Олар 32 ұпаймен 18 орынды ыңғайдаған «Сент-Этьен», 31 ұпаймен 19-орында көрінген «Мец» және 31 ұпаймен 20 орынға түскен «Бордо».

Дамир СЕЙЛХАНОВ,  
Қызылорда уәлиатының  
студенті



Технология тіршіліктің айнымас бөлігіне айналып, құжат, адамдармен байланыс, тіпті, талай қызмет смартфон ұстаған саусақтың ұшымен шешілетін уақытта бір сәт қиын тұрмыстан демалып, айналаға кез салудың өзі қиын жұмысқа айналғандай. Осындайда құшағы ұлан-ғайыр, табиғаттың сан түрлі сиқырына толы Жер-ана өзіне шақырады. Адам мен табиғат егіз. Сондықтан да бір сәт кеңістікке шығып, жауу жүріп қайтқан адам қалып уайымнан арылып, өзіне қуат алады, жаңа істерге шабыттанады. Табиғаттың әуенін тыңдап, тынысын сезінген адамның жаны да тыныш. Саябақ, өзен-көл маңы, таулы аймақ – тыныштық іздегендерге таптырмас орын. Дегенмен қызылордалықтар үшін көкке шығып, табиғат аясында серуендеуге Тұңғыш президент атындағы саябақтан артық орын жоқ секілді. Өсіресе, көктеммен бірге көңілге жылылық еніп, жердің тоны жібіп, жасыл көрпесін жамылғалы бері қала тұрғындары саябақта демалуды жөн көретінін жасыра алмаймыз.

Саябақ – таза, жасыл желекке толы, отыруға да, ас-ауқатын қамданып шыққан адам үшін тамақтануға да ыңғайлы, қаладағы қайнаған тіршіліктің шуынан жырақ, тыныш орын. Қызылордалықтардың сүйікті мекеніне айналған саябақтан көш сайын көрпешесі мен дастарханын, доп пен кітабын, гитарасы мен домбырасын асыған жастарды, балаларын ойынып жүрген ата-ананы, сырласқан гашықтарды көруге болады.

«Осы демалыста көкке шығайық деп жоспарлап, достарымызбен бірге президент саябағына барып келген едік. Қажетті заттарымызды сөмкемізге салдық та, жауу тарттық. Бастысы су мен отырғын орынға жаятын көрпеше немесе кілемшені ұмытпау керек. Кешке қарай шығатындықтан сырт киім де артық емес. Группаластарымызмен бірге көп болып шыққан соң заттарды апару қиындық тудырған жоқ. Саябақта барған адамның көңілі

ойнау – мұның бәрі адамның миынан маңызды міндетін, жұмыстағы мәселелерін, мазасыз ойын құйып шығып, доғарынға, жаңа эмоцияға байытады. Ал денесі де, миы да демалып, серігген адам жаңа мақсатқа кірісіп, алға қарай сенімді қадам басады. Бұл – бұлжымас заң. Сондықтан болар дамуына мән беретін даңқты адамдар қаладан алыс, табиғат аясында қыдыруды, тіпті, күнделікті бір сағат жауу жүруді жөн



КӨККЕ ШЫҒАМЫН ДЕП  
КӨККЕ ТҮСПЕҢІЗ!

жайланып, ерекше сезімге бөленеді. Телефонды да ұмытып, достарымызбен ән айттық, өлең оқыдық. Дөппен ойнадық. Өңгімелесіп, әзілдесіп, көңілді отырыстың бірінде отырғандай күй кештік. Естелік фотоға түстік. Өңші достарым табиғат аясында әдемі контент жасап, видео түсірді. Осылайша ең-үш сағаттың қалай өткенін сезбей қалдық. Ерекше демалыстан кейін тағыстарымыздың бәріне көкке шығудың қызықтарын айтып, ұсынып жүрмін», – дейді Алтынбек есімді қызылордалық студент.

Сейліге шықпаса бұрын сол күні ауа-райына міндетті түрде мән беру қажет. Саябақта жүргенде жаңбыр не дауыл тұратын болса, демалыс күйзеліске ұласып кетуі мүмкін. Кіммен баратынызды келіскен соң табиғат аясында уақытты қалай өткізу керегін ойлап, алдын ала ұйымдастырып шығыңыз. Жасыл жазықта спорттық ойын ойнағанға не жетсін?! Достарыңыздың барлығы білетін спорттық, интеллектуалдық қандай ойын бар екенін анықтап алған жөн. Әдемі ән айттып, би билеп, қуй тыңдау, аспапта

тексеріп, бақылауға алып отыратын қызмет түрі жоқ. Әр адам өзіне, өзі арқылы қоғамға жауапты. Шашылып жатқан қоқыстар, тамақтың, судың қалдығы «тамышдан теңіз құралатыны сынды» саябақты қоқыс орталығына айналдырып жібермей ме?! Табиғатқа асығып келіп, демалатын да, ластайтын да – өзіміз.

Мұнымен қалай күресеміз? Оның екі шешімін ұсынып көрейік: біріншісі – экологиялық білім. Халықтың экологиялық ой-өрісін өзгертіп, балаларға табиғатты аялауды үйрету міндетімізге айналуы керек. Мысалы, қоқысты өртемей, оны өзіңізбен бірге алып кету, балаларды өсімдіктер мен жануарларды бағып-күтуге, жерде жатқан қоқысты көтеруге үйрету, ағаш отырғызуға қатысу. Барлығы да бала кезден басталады. Сондықтан мектептерде балаларға экологиялық білім беретін жаңа пән енгізу, қосымша жобалар ұйымдастыру мәселесі өзектілігін жойған емес. Екіншіден, айыппұл санкцияларының артуы. Айта кету керек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та өзінің төңіретегі парақшасында: «Демалыс орындарында жалпай азаматтарымыздың ішкі, сыртқы мәдениеті жетіспейді. Өткен жылдары отандастарымыздың бірегей «қызылтыл» Кебейтүз көліне келтірген залалы наразылық тудырған еді. Осы жағымсыз фактілер ескекел ұрпақтың экологиялық тәрбиелеудегі проблемаларды анықпадан берді. Білім, экология, ақпарат министрліктері бұл міндетті басым бағытта ұстануы керек», – деп жазды. Көкке шығудың қызығы мен қызу қарқын алып жатқанын жоғарыда атап өттік. Тек басылып мен табиғат жанашырларының ескертуі мен жанайқайы жалған емес екенін ескере жүрейік. Әйтпесе, көкке шығамын деп айыппұл төлер сәтте көкке түсіп қалуыңыз мүмкін.

Дина БӨКЕБАЙ

## „АЛТЫН САҚА“ ОБАЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды. Бүгінде өтінім санының артуына байланысты байқау қорытындысын жариялау 1 айға шегерілді.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

### 1. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесі ұйымдастырады.  
1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

### 2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.  
2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан бастап, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit\_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511  
3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ өнімен теңістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспау керек (титүлді бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.

### 4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары шілде айында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.



## JULDYZ – JORAMAL

(27 мамыр – 2 маусым)



### Толқу

Алдын ала ойластырылмаған, жоспарсыз шығындарға жол бермеңіз. Салдарынан аптаның екінші жартысында қаржылай қиындыққа тап болуыңыз мүмкін. Себебі бұл аптада жұмсаған ақшаның орнын толтыру мүмкіндігі төмен. Алпа соңында біреуден көкке шығудың қызықтарын айтып, ұсынып жүрмін», – дейді Алтынбек есімді қызылордалық студент.

Сейліге шықпаса бұрын сол күні ауа-райына міндетті түрде мән беру қажет. Саябақта жүргенде жаңбыр не дауыл тұратын болса, демалыс күйзеліске ұласып кетуі мүмкін. Кіммен баратынызды келіскен соң табиғат аясында уақытты қалай өткізу керегін ойлап, алдын ала ұйымдастырып шығыңыз. Жасыл жазықта спорттық ойын ойнағанға не жетсін?! Достарыңыздың барлығы білетін спорттық, интеллектуалдық қандай ойын бар екенін анықтап алған жөн. Әдемі ән айттып, би билеп, қуй тыңдау, аспапта



### Торлақ

Алпада аптада қолға алған ісіңіздің барлығы оңынан шешіліп, жақсы нәтижеге жеткізілетін болады. Алпа басында қызметке қатысты мәселелердің шешімін табуға барынша құй салыңыз. Тиймді коммерциялық ұсыныс түсуі мүмкін.



### Егіз

Бұл аптада бойынңыздағы «жауынгер» барынша белсенді. Өзіңіздің дұрыстығыңызды дәлелдеу үшін кіммен болсын аяққа кетуге әзір тұрасыз. Өсіресе қызметке қатысты мәселеде. Алпада өзіңізге ерік беріп, жағымсыз жай тудырасыз, соны жақсы аяқталмайтынның біліңіз. Сіз үшін де, өзге үшін де оның ешқандай пайдасы болмайды. Алпа бойы өзіңізді барынша сабырлы ұстауға тырысыңыз.



### Шаян

Басылымыңмен жалақыңызды көтеру жайында сөйлесуді бұрыннан жоспарлап келесіз. Бірақ ыңғайлы уақыт болмай жүр ме? Ендеше қамданыңыз, бұл ойыңызды жүзеге асырудың дер кезі. Алпаның барлық күндерінде сәттілік сіздің жағыңызда.



### Арыстан

Сізді сырттай ұнатып, бақылап жүрген бір жан қасыңыздан қаламай қоюы мүмкін. Тіпті өзіне көңіл бөлмей, өзгелерге көп уақытыңызды арнайтыныыз үшін реніштің білдіруі де ықтимал. Оған бұл қылыңның орынысз екенін бірден ұқтырыңыз.



### Бикеш

Аптаның иығыңызға артар жүгі ауыр болмақ. Жұмыста да, үйде де мойныңызға ілінер міндет көбейеді. Бірін естен шығарып, енді бірін ескермей қалмау үшін жазбаша түрде жоспар жасаныз. Қойын кітапшаның ардайым жаңбында болсын. Әйтпесе, алпа соңында, ісіңіздің өнбегеніне ішіңіз ауысу өбден мүмкін.



### Таразы

Бір жағдайдың әсерінен сүйікті адамыңызды мүлдем басқа қырынан көресіз. Бәлкім, оған одан сайын риза болға түсерсіз. Көңіліңізді қалдыруы да мүмкін. Қалай болғанда да оның іс-әрекетіне еділ баға беріңіз. Егер өзінің жақын қарын көрсетсе, бұған көз жұма қарамай, жақсылап сөйлесіп, қажет болса жеңге



### Сарышаян

Жұқа арзай ірі көлемдегі сауда-саттық күтіп тұр. Осы бастан қаражат жинай беріңіз. Сондай-ақ осы аптада ерекше әсерге бөлейтін жағымды жаңа таныстықтар орын алады. Отбасын құрмаған сарышаяндарда ол махаббатпен байланысты болуы мүмкін.



### Мерген

Бұл апта мергендер үшін ойды жүзеге асыратын уақыт. Кез келген істе, кез келген мәселеде. Айталық, жазғы демалысты жоспарлауды бастаған болсаңыз, оған керекті бірз шаруаны осы аптада тындырыңыз. Әмірлік беріңізді тапсаңыз, онымен қарым-қатынастың жаңа сатысына көтерілуге қадам жасаныз. Бәрі сәтіммен бітеді.



### Тәуешкі

Алпада жұмада жұмысыңызға барынша мұқият болыңыз. Бұл күндері сізде қателікке жол беру, құжаттарды жоғалту мүмкіндігі жоғары. Бұл жайлы басылымға жеткізуге асық бәсекелестер де жақын жерден табыла кетеді.



### Сұқылғыш

Келер апта сізге барынша өнімділік пен нәтиже алып келмек. Жыл басынан бері созылғанын келе жатқан мәселелерді шешуге, қолыңыз бармай жүрген тұрмыстық шаруаларды аяқтауға мүмкіндігіз бар. Сүйікті адамыңыз тосын сый жасап таң қалдырады.



### Балықтар

Жұлдыздар сізге бұл аптада маңызды іс бастамауға, құжаттарға жол қорыда келесі жетіге қалдыруға кеңес береді. Алпа бойы алушандық шырмалында жүресіз. Салдарынан өзіңізге ие болмай, артық сөз айттып, жақындарыңызды ренкітіп алуыңыз мүмкін. Өзіңізді сабырға шақырып, саналы түрде барынша байсалды болуға тырысыңыз.

## АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Мәдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8 (7242) 40-06-08. Газеттің таралымы бойынша 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary@gmail.com  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 8059  
Тансырыс: 840